Кесте 2 - Кейбір дамыған Европа елдеріндегі ішкі жалпы өнім құрылымындағы халықтың әлеуметтік қамсыздандырудағы тәуелділік және мемлекеттік шығындар деңгейінің коэффициенттері

Елдер	Тәуелділік коэффициенті %		
	1995жыл (нақты)	2030жыл болжам	ЖІӨ-де әлеуметтік қамтамасыз етудегі шығын үлесі
Ұлыбритания	20,4	38,7	14.5
Германия	21,7	49,2	11.1
Испания	19,8	41,0	10.0
Италия	21,6	48,3	13.3
Франция	20,8	39,1	10.6
Орташа ЕО мүше елдері бойынша	21,7	43,3	11.9

Әлем елдерінің кейбіреуін зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі анықталған көрсеткіштер бойынша қызмет ету кесте 3-де берілген.

Кесте 3 - 2007 жылғы деректер бойынша әлемдік зейнетақы нарығындағы қызмет ету көрсеткіштері:

Әлемдік тәжірибедегі даму жүйесі азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз ету кейбір артық жерлер мен басқарушы әлем елдерінің зейнетақы жүйесінің әр қайсысының даму тапшылығы куәландырады.

Елдер	Зейнеткерлік жас Ерлер/әйелдер	Минималдық зейнетақы мөлшері
Ұлыбритания	62/60	633
Дания	62/60	833
Қытай	60/60	80
АҚШ	65/62	667
Франция	60/55	667
Чили	65/60	120
Швеция	62,5/60	800
Жапония	65/65	833
Қазақстан	63/58	57
Ресей	60/55	21

Мемлекеттік жүйе төңірегіндегі Жапонияда әлеуметтік қамтамасыз етуде бірнеше зейнетақы жүйесі бар, онда жалпы зейнетақы халықты

сақтандыру ұстанымына негізделген. Әсіресе, олардың көпшілігі жалданған жұмысшыларды жұмыс орындары бойынша сақтандыру болып табылады. Сақтандыру жарналарын өз жұмысшыларынан басқа олардың жұмыс берушілері төлейді.

Олардың ішіндегі ең ірі жүйе 1941 жылы «Зейнетақы ауқаттылығы» жүйесі енгізілген. Жүйенің сақтандыру қоры жалақының 11,3-13,6% көлемінде жарнасын құрайды, жартысын азаматтардың өздері салады, ал жартысын жұмыс берушілер. Мемлекет 20-25 % сома қосымша зейнетақы төлейді. Зейнетақы қартайғандығы бойынша, мүгедектерге және асыраушысынан айрылғандарға да төленеді. Сонымен қаражаттың бір бөлігін арнайы қорға құю мүмкіндігі қарастырылған. Бұл зейнетақы көлемін жоғарылату үшін қолданылады. Ол жеке компания мен мемлекет арасындағы жарнасы негізінде қалыптасады. Компаниялардың аударған қаражаты мемлекеттікінен кем дегенде 30% басым болуы керек.

Жапонияда зейнетақымен қамтамасыз етудің екінші жартысын қоғамдық өзара көмек зейнетақы жүйесі құрайды, сақтандыруды орталық және жергілікті үкімет органдары қызметкерлерінің жұмыс орны бойынша, жекешелік оқу орындарының жұмысшыларына, ауылшаруашылық кооперативтерінің мүшелеріне және де теңізшілерге ұйымдастырылады. Осы жүйемен қамтылған сақтандырушылар саны шамамен 5 млн адам. Сақтандыру жарнасының көлемі 16,3% ке дейін жалақыдан өзгеріп отырады. Бірақ сақталған жарналардың теңдігімен олардың жұмыс берушілері мен күнде қалпына келтіріледі. Мемлекет 16-18% зейнетақы сомасын қосымша төлейді. Бұл жүйеде зейнетақы көлемі әдетте жоғары, зейнетақы ауқаттылығы жүйесіне қарағанда 90 жылдардағы жеке оқу орындарында кәрілік зейнетақысын айына 136,6 мың иенді, мемлекеттік аппаратта қызмет етушілерге 156,5 мың иенді, жергілікті үкімет органдарында қызмет етушілерге 175,5 мың иенді құрайды. Жапондық зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінің ерекшелігі жалданбалы жұмысшылар қатарына кірмейтіндер, үкіметте жұмыс жасамайтын мүшелер 1959 жылы құрылған халықаралық зейнетақы жүйесінің қызметіне сүйенеді. Ол елде зейнеткерлер саны бойынша және соңғысы зейнетақы төлеу көлемі бойынша 1 орын алады. Бұл жүйе төңірегінде әртүрлі категориялармен сақталған зейнетақы әртүрлі негіздермен төленеді. Сонымен мемлекеттік бюджеттен еңбекке жарамсыз тұлғаларға төмен жалақаның күшінен сақтандыру жарнасын төлей алмағандықтан сонымен қатар ұйымдастыру кезінде бұл жүйенің сақтандыру қорын жасына байланысты құра алмағандар себеп болады.

Ал қалған азаматтар үшін зейнетақы жасына жеткенде: 2/3-зейнетақы қоры есебіне және 3,1 мемлекеттік бюджет есебінен төленеді.

Өзінің сақтандыру шотына өз еркімен жарна салуына немесе тағы бір жинақ шотын ашуға болады, оған ақша салатын немесе одан ақша алатын, ол түгелімен зейнетақы қорын ауыстыруына болады және ертерек зейнетке шығу мүмкіндігін алу үшін соманы өсіру, аясайын өз шотынан ала-алатын немесе өмірлік зейнетақысын өсіру үшін қолайлы жағдайлар бар.

Зейнетақы жүйесін қалыптастыру механизмі жаңа зейнетақы қорының мүшелері үшін келесідей қорытындалады. Мұндай тұлғалар үшін мемлекет «мойындау шегі» формасы есебінде бұрынғы жарнасының сомасын санайды. Бұрынғы жүйе бойынша әлеуметтік сақтандыру қызметінде зейнетақы жарнасының көлемі 22,95%-ке жетті, бұған барлық сақтандырылғанның 2/3 және 24,91% жекеменшік қызметкерлердің сақтандыру кассасына жатады.

Талдау бойынша, жаңа жүйедегі жарналар шамамен соманың 70 пайызын құрайды, 10 жыл шамасында әлеуметтік сақтандыру қызметіне төленген.

Жекеменшік зейнетақы қорын басқарушылар мен екі әр түрлі типтегі комиссияндық қаражаттар өндіріледі: жалақы сомасынан % есебіндегі алым және қызмет көрсетендігі үшін алым. Комиссияндық алымның орташа көлемі жалақылық төлемнің 3% құрайды (әр есеп беруде 0,25 доллар). Жалақылық төлемнің шамамен 0,5% мүгедектерге арналған. Бұл төлемдер барлық жүйе қатысушыларна кепілдендірілген.

Чилиде зейнетақы қорымен қаражаттарды инвестициялауға келесі активтермен рұқсат етілген:

- мемлекеттік бағалы қағаздар;
- орталық банктің бағалы қағаздары;
- банктік облигациялар;
- депозиттік сертификаттар;
- қысқа мерзімді корпоративті бағалы қағаздар;
- акциялар;
- бағалы қағаздар мен басқа да инвестициялар шетел үкіметіне

кепілдеме.

Бағалы қағаздардың бекітілген табыспен зейнетақы қорының ортақ көлемді инвестициясының шамамен 65 % құрайды, қалған 35 % акцияларға тура келеді. Шетелдік инвестициялар барлығы 5% құрайды. Табыстың инвестиция бойынша жоғарғы дәрежесі чилилік нарығының бағалы қағазының соңғы 10 жылдық ағымында кеңейтілуімен түсіндіріледі, ол үшін стимулды жинақтаушы зейнетақы жүйесі болды. Зейнетақы қорын инвестициялауда объект болатын барлық бағалы қағаздар, банкте сақталған және қоймаларда, өз бетімен және тәуелсіз болады. Зейнетақы қорының

қызметін қадағалайтын, қатаң реттейтін және бақылайтын мемлекеттік комитет былай бейнеленеді:

- басқарушы компанияның инвестиция түрлерін;
- зейнетақы төлеуді;
- басқарушы компаниялардың және зейнетақы қорының бухгалтерлік есептерін;
- қатысушылар арасында ақпараттың таралуын;
- мүгедектік бойынша зейнетақы тағайындаушы медицина комиссиясының қызметін.

Германияда зейнетақы нарығы өз қызметтерін зейнетақыны сақтандыру ұстанымы негізінде жүзеге асырылады.

Германиядағы жұмысшылар мен қызметкерлердің зейнетақыны сақтандыру жүйесінің құқықтық негізі бұрынғы ФРГ-ның заң шығарушылары болып табылады, олардың өз мақсаттары бар:

- мамандандырылған қатынаста немесе жалпы еңбекке жарамсыздарды зейнетақымен қамтамасыз ету;
- сақтандырылған отбасы асыраушысын жоғалтқан жағдайда зейнетақымен қамтамасыз ету;
- сақтандырылған халықтың өмірдегі санитарлық жағдайын жақсарту.

Зейнетақылық сақтандыру Германиядағы зейнетақы нарығындағы негізгі инструмент есебінде мерекелік шара жүйесін көрсетеді. Ол еңбекке жарамдылықты жақсарту және квалификацияны жоғарлату, жаңа мамандықтарды игеру мен жарамды жұмыс іздеу. Сонымен бірге, профессионалды және жалпы еңбекке жарамсыздарға зейнетақы төлеу, зейнетақы жасына жеткендігі бойынша - әйелдер 60 жас және ерлер 65 жас. Асыраушысынан айырылған жағдайда зейнетақы төлеу жүйесі, зейнетақыны сақтандыруға қатысты, жесірлерге және жетімдерге зейнетақы төлеу ұйымын көрсетеді. Жесірлерге төленетін зейнетақы соманың 60% құрайды, және сақтандырылған тұлғаға есептелінеді. Егер өлер алдында ол профессионалды еңбекке жарамсыз болса, сонымен қатар көрсетілген жоғары зейнетақы оған дейін қарастырылған аз зейнетақыға қарағанда сақтандырылған тұлғаның жесіріне төлетін 50% жоғары.

Зейнетақы көлемі келесі факторлардан тұрады:

- зейнетақы жасына келгенге дейінгі сақтандырылған тұлғаның барлық еңбектік табысының дәрежесі;
- оның еңбек стажы кезіндегі сақтандырылған тұлғаның табысының көлемі;
- жұмыс стажының жалғастырылуы.

Сақтанушы көбірек табатын болса және көбірек жұмыс жасаса, зейнетақы да сонша жоғары болады.

Германияда зейнетақыны сақтандыруда зейнетақы төлеу жалғыз тапсырма емес. Ол сонымен қатар сақтауды да қамтамасыз етеді, сақтандырылған еңбекке жарамсыздардың қайта қалпына келтіру және жақсарту, курорттық емделулермен қамтамасыз етеді және жаңа квалификацияны меңгеруге көмектеседі, алайда ол денсаулық жағдайы бойынша керек етілген жағдайда. Міндетті зейнетақы сақтандыруда маңызды қосымша кәсіпорын зейнетақысы болып табылады, оны көптеген фирмалар өз жұмысшыларына қартайған шағында қосымша көмек есебінде төлейді. 1974 жылы қабылданған заң бойынша кәсіпорын зейнетақысында, қызметкерлер кәсіпорыннан зейнеткерлік жасына жетпей кетуге тура келсе де, олар орнатылған зейнетақы алу құқығын сақтайды. Егер жұмыс беруші төлей алмаған жағдайда зейнетақы жоғалмайды. Бұндай жағдайда осындай мақсатта құрылған қордан төленеді. Зейнетақы реформасындағы жаңа жоба 2000 жылы Г.Шредер үкіметіне талқылауға енгізілді 2011 жылдан бастап мемлекеттік бюджеттен төленетін зейнетақы көлемін төмендетуді бастау жоспарланған. Мәлім етілген бағдарлама бойынша реформа 2030 жылға дейін созылады және нақты бұл уақытқа дейін Германия Чилидің жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өтуді жоспарлайды.

Шведцияның зейнетақы жүйесінің ерекшелігі ұлттық зейнетақы жүйесі болып табылады, өзіне халықтың, қосымша және жартылай зейнетақысын қосу болып табылады. Осы барлық үш жағдайда да төлемдер жыл сайынғы үкіметпен орнатылған базалық сомаға негізделеді, автоматты түрде инфляциямен бірге көбейеді, зейнетақы жасы - әйелдер мен ерлер үшін бірдей – 65 жас.

Бұл жүйеде барлық уақытта 60 немесе 70 жас аралығында зейнеткерлікке кету мүмкіндігі зейнетақы көлемінің лайықты өзгеруімен қарастырылады. Алайда ереже бойынша Швецияда зейнеткерлікке 65 жаста шығады. 1976 жылдан бастап жартылай зейнетақы жайында арнайы заң қызмет етеді. Ол 60 тан 65 жас арасындағы адамдарға жұмыс уақытын қысқартып және алу мүмкіндігі бар, бірақ ол аптасына 17 сағаттан кем емес жұмыс жасауы қажет.

Халықтық және қосымша зейнетақы өзіне 3 форманы қосады: кәрілік бойынша, мүгедектік және отбасылық, асыраушысынан айырылған бірнеше зейнетақы алуы мүмкін. Швецияда тұратын әр азамат халықтық зейнетақыны алуға құқылы. 1979 жылдан бастап қосымша зейнетақыға құқығы бар азаматтар сонымен қоса халықтық зейнетақыны да ала алады.

Кәрілік бойынша зейнетақы бір адамға 96% көлемінде базалық сомадан төленеді, әйелі мен күйеуі үшін – зейнеткерлер – 157% екеуіне. Кәрілік бойынша халықтың зейнетақы көлемі өте төмен (шамамен жұмыстан кеткенге дейінгі жалақының 20%). Сондықтан, негізгі немесе өте төмен қосымша зейнетақы алатындар, сонымен бірге коммуналдық тұрғын үй субсидиясын және зейнетақы үстеме (базалық сомадан 48%) алады.

Егер адам 16 жастан бастап одан жоғары жаста ауруға байланысты еңбекке жарамдылығын жоғалтса, мүгедектік немесе ақыл-ойының артта қалуы, ол зейнетақылық жасына дейін мүгедектік зейнетақысын алады. Оның көлемі еңбекке жарамдылықты төмендету көрсеткішіне тәуелді. Халықтық зейнетақы жүйесінде толық мүгедектіктің зейнетақысы кәріліктің зейнетақысына тең. Егер адам 16 жасқа дейінгі жеке кемшілігі бар баланы бағатын болса, онда халықтық зейнетақы жүйесі балаларына жәрдемақы төлейді.

Отбасылық зейнетақыға жесір зейнетақысы кіреді және жетімдер зейнетақысы кіреді. Жесір күйеуі өлгенге дейін 36 жасқа келсе және кем дегенде 5 жыл тұрмыста болған жағдайда оған төленеді. Толық зейнетақы жесір 50 жасқа толғанда беріледі, немесе жесірдің 16 жасқа дейінгі баласы болса. Жесірдің толық зейнетақысы жеке тұратын кәрілік зейнетақысымен бірдей. Оның төлемі егер жесір күйеуге шықса тоқтатылады. 18 жасқа дейінгі балалар зейнетақысы бір немесе екі ата-анасынан айырылған жағдайда төленеді және базалық соманың 25 тен 40% құрайды. Қосымша зейнетақы толық көлемде 1980 жылдан бастап төленді. Оны алу үшін зейнетақы табысы болуы қажет, 16 дан 64 жасқа дейінгі сақтандырылған тұлғалар үшін есептелінеді.

Толық зейнетақы алу 30 жыл жұмыс жасау қажет. Аз стаж көлемінде зейнетақы әрбір жұмыс жасамаған жыл үшін $1/30$ - іне қысқартылады. Зейнетақы тағайындауда табыстың орташа көлемі 15 жылдық жоғары жалақымен есептелінеді. Қосымша зейнетақы жүйесі уақытынан бұрынғы зейнетақыны алуға, мүгедектік бойынша жесірге және жетімдерге мүмкіндік береді. Швецияда бұрын қызмет ететін, өндірісте қолайсыз жағдайдан сақтандыру жүйесі 1977 жылы енгізілді. Ауырып қалған жағдайда, сонымен бірге жұмыста қолайсыз жағдайға ұшырағанда, жұмысқа кем жатқанда немесе жұмыстан шыққанда, еңбекке жарамдылықтың нашарлауынан және өлімге өтелімдер төленеді.

Шетел елдерінің зейнетақы жүйесін талдау және олардың қаржылық менеджменттің ерекшелігімен қарау келесі қорытындыларды алуға рұқсат береді. Әлемдік жүйенің зейнетақы қамтамасыз ету негізін біздің елде нәтижелі қолдануда келесілерді айтуға болады:

1. Жинақтаушы зейнетақыны сақтандыруда Жапониядағы әр түрлі механизмдердің барлығы, бір уақытта үш жаққа қатысатынын қарастырады: мемлекет, сақтандырушы және оның жұмыс берушісі.

2. Жапонияда қолданылатын демалыс зейнетақысы, жәрдемақысы, кәсіпорынның әр бір жұмысына зейнеткерлікке шығар алдында кәсіпорынның қарыжысын сақтандыру қорынан төленеді.

3. Азаматтарға зейнетақылық жинағын әр түрлі формада чилилік үлгіде төлеуді қолдау.

4. Немістік үлгі өзіне мерекелік комплексті қосады, әлеуметтік реабилитация жүйесіне көбірек қатысты, азаматтарды күнделікті еңбек қызметіне ынталандыру.

Өкінішке орай, өмірде соңына дейін тамаша зейнетақы жүйесі болмайды, алайда Қазақстандық жинақтаушы зейнетақыны әлемдік дамушы елдер қатарына батыл қоса аламыз. Олардың зейнетақы жүйесін құру үлгілері өз азаматтарын әлеуметтік қамтамасыз ету сферасында басқа мемлекеттер үшін үлгі болуы мүмкін. Сақталу мен парапарлықтың қалыптасуы бүгінгі салымшылардың зейнетақы қорындағы жинақтары сенімді зейнетақы нарығына тәуелді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Зейнетақымен қамту жүйесінің шетелдік ерекшеліктері.
2. «Чили» зейнетақы сақтандыру реформасы.
3. Зейнетақымен қамту жүйесінің дүниежүзілік артықшылығы.
4. Табыстылық көрсарасы негізінде меншікті капитал және акционерлік баға өсімі англо-американдық және жапоно-немістік корпоративтік басқару моделіне салыстырмалы түрде талдау жасаңдар.

ТАҚЫРЫП 3

Жинақтаушы зейнетақы қоры – Қазақстан қаржы нарығының жетекші институттары.

Қазақстан қаржы нарығы ұлттық экономиканы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл тек мемлекетпен анықталған ақша-несие, салық саясатымен ғана емес, сонымен бірге демократиялық қоғамға сай жаңа әлеуметтік механизммен анықталған. Мұндай қоғамның негізі ретінде посткеңестік аймақта кеңінен дамыған зейнетақы жүйесі болды. Бүгінде зейнетақы қызметінің Қазақстандық нарығындағы орнын ескере отырып, осыған орай біздің қоғамның бұл нарықты еліміздің қаржы нарығының негізгі сегментінің біріне айналды деп айтуға толық негіз бар. Көпшілік мамандардың ойынша, Республикада халықты болашақта зейнетақымен қамтамасыз ету мәселесін шешіп қана қоймай, сонымен қатар мемлекет экономикасын дамытуға ықпал ететін ерекше табысты зейнетақы жүйесі құрылған. Бұл мәселе жинақтаушы зейнетақы қоры сияқты ірі институционалды инвесторлардың пайда болуына байланысты іске асты.

Дәстүрлі мағынада зейнетақы қызметі ақша құралдарын шоғырландыру үшін әртүрлі зейнетақы үлгілерін құру және оны болашақта зейнетақы жасына жеткенде немесе басқа да жағдайларда зейнетақы ретінде төлеу және бөлістіру деп қарастырылады. Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі әлемнің барлық елдерінде кездеседі, дегенмен, олардың бір-бірінен айырмашылығы бар. Зейнетақы жүйесінің көп жақтылығына қарамастан, олардың қаржыландыру көзі бойынша 2 түрін ажыратуға болады: *ынтымақтас* және *жинақтаушы*. Ынтымақтас зейнетақы жүйесінің тиімсіздігі бұрынғы кеңес одағы мемлекеттерінде орын алған экономика және бюджет жүйесіндегі дағдарыстан көрінеді. Оған мемлекеттік кәсіпорынның банкротқа ұшырауы, жалақының қысқаруы мен уақытында берілмеуі, «нықтылы» сектордың көп бөлігінің «көлеңкелі» экономикаға өтуін жатқызуға болады. Бұл кезде мемлекеттік бюджетте үлкен дефицит байқалғандықтан, мемлекет зейнетақы төлемінің бұрынғы деңгейін қамтамасыз ете алмады. Зейнетақы жүйесінің банкроттылығы экономиканың нақтылы секторындағы реформаларға кедергі жасап қана қоймай, елдегі әлеуметтік қысымды күшейтті.

1997 жылы 20 маусымда Қазақстанда «Қазақстан Республикасындағы зейнеткерлікті қамсыздандыру туралы» заңы қабылданды. Ол 1998ж қаңтарда қолданысқа енгізіле бастады және бұрынғы ынтымақтастық жүйені реформалауға және зейнетақы салымын капиталдаудың жаңа жүйесін дамытуға әсерін тигізді. Алғашқы рет посткеңестік аймақта міндетті жекелеген зейнетақы жинақтар принципі жарияланды. 1998 жылы 1 қаңтардан бастап өз еркімен қосымша зейнетақы жинақтау мүмкіндігін сақтай отырып, Қазақстанның әр азаматы өз табысының 10% зейнетақы қорына аударып отырды. Елдің қаржы нарығының табысты реформалануы Қазақстан экономикасының дамуында ерекше рөл атқарды және зейнетақы жүйесіне бүгінгі дәрежесіне жетуге мүмкіндік берді.

Нарықтық экономикаға лайықты жаңа зейнетақы жүйесінің пайда болуы халықтың жаңа экономикалық жағдайларындағы әлеуметтік қорғанысы болып табылады: 1,5 млн аса зейнеткерлер ынтымақтастық негізіндегі зейнетақы төлемімен қамтамасыз етілген, сонымен қатар жинақтаушы зейнетақы жүйесінде азаматтардың 8,5 млн жеке жинақ шоты есептелінген. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің дамуы мемлекетіміздің банк секторында маңызды экономикалық реформалар жүргізуіне байланысты екенін атап өткен жөн. Пруденциалды реттеудің халықаралық стандарттарына енгізілуі, ҚЕХС-на өту, банктердің меншікті капиталының өлшеміне қойылатын талаптардың қаталдандырылуы кішігірім банктердің санының азаюына және елдің банктік жүйесін қайта құрылымдауға едәуір мүмкіндік берді.

Қазақстанның жинақтау жүйелері негізгі басымдылық зейнетақы жарналарының жинақталуы және жақсы инвестициялық табысты алуды арқасындағы азаматтары үшін қамтамасыз етудің тұрақты нысыны болып табылады. Бүгінгі күнде зейнетақы жүйесінде салымшылардан түскен үлкен құралдар жинақталған. ҚР Қаржы нарығын реттеу және қадағалау нарығының мәліметі бойынша 2007жылдың 1 қаңтарына Республикада 78 филиалдар және 77 өкілдіктері бар 14 ЖЗҚ жұмыс істейді. 12 ұйым зейнетақы активтерін инвестициялық басқару қызметін атқарады. Оның 6 зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясы бар ЖЗҚ болып табылады. Бұлар АҚ «ЖЗҚ МЖЗҚ», АҚ «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ», АҚ «Қазақстан БТА банкінің ЖЗҚ», АҚ «ЖЗҚ Капитал», АҚ «ЖЗҚ Қазақмыс», АҚ «ЖЗҚ Отан». Зейнетақы нарығының құрылуы жеке алғанданы ұлттық экономикаға және қаржы нарығының экономикалық дамытуында түбегейлі жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді. Бұл елдің қаржы нарығының құрылымындағы ерекше орынды оған анықтап бекітті. Біздің ойымызша, зейнетақы нарығының мәні төмендегідей:


- Жинақтаушы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі қаржы нарығында тек ірі жұмыс берушілер емес, ірі салық төлеушілер болып табылатын ірі қаржы арашалары- жинақтаушы зейнетақы қорының пайда болуына мүмкіндік туғызды;

- Зейнетақы нарығының жұмыс жасауы мемлекетке өз елінің егде азаматтарын әлеуметтік қорғау мәселесіндегі кернеулікті түсіріп және республикалық бюджеттегі шығынды жүктемені жеңілдетуге мүмкіндік береді;

- ЖЗҚ өзінің құрылған уақытынан биік инвестициялық сапаларға (мерзімдік және өтемділік) ие болатын ірі қаржы ресурстарын жинақтайды;

- Зейнетақы нарығында айналып тұрған құралдыр экономиканың нақты секторына инвестиция салуға, мемлекетімізге ұлттық шаруашылықтың шикізаттық бағыттарына көмектеседі.


Қаржы нарығындағы зейнетақы нарығының құрылымының мағынасы оның басқа секторлармен қарым-қатынасын бейнелейтін келесі сызбада көрсетілген (1сурет).



Сурет 1 - Елдің қаржы нарығындағы зейнетақы нарығының ролі

Зейнетақы жарнасын тарту бойынша және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметтері соңғы 3 жылда орындалмағанын атап өту керек. Бұл, зейнетақы нарығының негізгі қатысушыларының роліне негізгі талапкерлер тағайындалғанын және олардың позициялары бекітілгенін білдіреді.

Нарықтағы позицияларын үлестіру туралы айта кетсек, көшбасшылары: «Халық банкінің зейнетақы қоры» - 27%, іс жүзінде тең позициялы «МЖЗҚ» -17,7%, «Ұлар Үміт» - 17,6%. Зейнетақы нарығының көшбасшылары нарықтың 63,2% бойынша өз позицияларын бекітті. «Үлкен Үштіктен» кейін «Қазақстан БТА банкі ЖЗҚ-ы»- 9,29%, ЖЗҚ «Грантум»-



Сурет 2 - Зейнетақы активтер көлемі бойынша жетекші ЖЗҚ 2002-2006 жылдар үлесі

нарықтың еншісі - 6,65% орналасқан. Осылайша, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жетекші бестігі халықтың зейнетақы активі бойынша қызмет көрсету үлесі -78,24%.

2002 жылмен салыстырғанда жалпы нарық конъюктурасының өзгерісін көрсететін қарама-қайшы динамиканы байқауға болады.

Бұл талдау тұрақты өсу динамикасын тек ЖЗҚ «БТА Қазақстан» және «Атамекен» ЖЗҚ біріккен қоры көрсететінін куәландырады. Басқа қорлар әртүрлі факторлар әсерінен өз позициясын бәсекелестерге қарсы ұстай алмады. Мысалы, «Грантум» ЖЗҚ-ы нарықтағы үлесінің қысқаруының негізгі себебі: бұл қордың акционерлері АҚ «КазкоммерцБанк», оның зейнетақы жүйесінің көшбасшысы қатарына жататын тағы бір қоры бар: «Ұлар Үміт» ЖЗҚ-ы. Бұл екі қорлардың қосылуынан «Грантум» ЖЗҚ-ның даму динамикасы төмен түсті. «Валют-Транзит-Фонд» ЖЗҚ-ның нарықта үлесінің қысқаруының негізгі себебі банкроттық жағдайында тұрған аналық банкіне байланысты.

Сонымен, өткізілген талдау қорытындысы бойынша Қазақстан ЖЗҚ-ы нарықта даму принципі бойынша келесі топтарға бөлеміз:

- Динамикалық дамидын – оларға зейнетақы активтері мен нарықтағы үлесінің тұрақты өсуі тән. (АҚ «Халық Банк ЖЗҚ-ы» және АҚ «БТА Қазақстан ЖЗҚ-ы»)

- Өсу қарқынын біртіндеп төмендететін – бұл қорларға олардың нарықтағы үлесінің әр түрлі себептерге байланысты қысқаруы тән. («МЖЗҚ», ЖЗҚ «Сенім», «Ұлар Үміт», ЖЗҚ «Грантум», ЖЗҚ «Қазақмыс», ЖЗҚ «Нефтегез Дем», ЖЗҚ «Қорғау»)

- Даму үстіндегі қорлар – бұл қорларға нарықтың 1-4% үлесі ғана тән, бірақ осы қорлар нарықтағы өз қатысының нақтылы кеңеюін көрсетеді. («МЖЗҚ» «Атамекен», ЖЗҚ «Капитал», ЖЗҚ «Отан», ЖЗҚ «Кунаев атындағы»).

Нарықтың қалыптасуының бастапқы кезеңінде зейнетақы қорлары тұрақты бәсекелестік жағдайында дамығанын атап өткен жөн және бұл нәтиже берді. Өлсіз қорлар өз позициясын нығайтып, мемлекеттің зейнетақы нарығында экспансиясын жалғастырып, күші басымдырақ бақталастарына жол беріп, нарықтан кетті. Қазақстандық ЖЗҚ-да зейнеткерлік заңын әрі қарай жетілдіру сияқты сұрақтардың шешімінде оң тенденция құрылды. Қазақстанның Қаржы маманы қауымдастығы бұл үдерістің координаторы қызметін атқарды. Қаржы Маманы Ассоциациясы қаржы нарығын реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттікпен біріге отырып, үкімет деңгейіндегі қорлардың ұсынысын жинақтап жүзеге асырды. Дегенмен, Зейнетақылық нарық бөлуді қажет етеді және өткізген зерттеулер бұған негіз болып отыр. 2007 жылы 1-мамырында міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының саны 8808807 құрады. Бұл Республика тұрғындарының жартысы және елдің жұмыс жасайтын тұрғындарының негізгі бөлігін құрайды. Міндетті зейнетақы жарналары салымшылар шотының негізгі 4 қоры бар: «МЖЗҚ» - 28,04%, «Қазақстан Халық банкі» - 19,83%, «Ұлар-Үміт» - 15,4%, «БТА-Қазақстан» - 8,20% немесе олардың еншісіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 71,21%-і тиісті. Бір жағынан бұл салымшылардың елдің 5 қорында шоғырланғандығын сипаттайды және зейнетақы жинақтау жүйесінің қатысушыларының зейнетақы есептерінде қызмет көрсетуінің бір қалыпты болмауына, яғни монополизмге қатысты тәуекелді куәландырды.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жағдайын зерттеу келесі негізгі көрсеткіштерді талдау негізінде жүргізіледі.

- Салымшылардың жеке зейнетақы шотының саны (міндетті, ерікті, ерікті кәсіптік салымы бойынша) –жалпы және ірі қорларының резерві бойынша;

- Зейнетақы нарығының институтталған инфрақұрылымы (ЖЗҚ, ООИУПА, банк кастодиаль саны);

- Зейнетақы жинақтары мен салымшылары (жалпы және ірі) қорларының резервтері бойынша;

- Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен таза табыс (жалпы және зейнетақы жинағының саласындағы жалпы үлесі);

- Шартты өлшемдер құны;

- Зейнетақы төлемдері- жалпы және сақтандыру мекемелеріне аударылғандар саласы;

- Зейнетақы жинағының бір қордан басқа қорға аударымдары (жалпы және ірі қорлардың резерві бойынша);

- Зейнетақы актив құрылымы;

- ЖЗҚ-ы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдерінің құрылымы;

- Қорлардың машиналды коэффициенті;

- Қорлардың қаржылық жағдайы - жиынтық байланысының көрсеткіштерінің резервінде;

- Меншікті активтер есебіне құрылған ЖЗҚ-ның инвестициялық портфелі.

Берілген көрсеткіштер жинақтаушы зейнетақы қорларын сандық параметрлері бойынша бағалауға және сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, әр параметр бойынша жинақтаушы зейнетақыны қамсыздандыру нарығында өз лидерін белгілеуге болады. Дегенмен, бұл салыстыру нәтижесінде алынған қорытындылар айырмашылығы алынған информацияның салыстырмайтындылығы емес, олардың толықтығын куәландырады. Сонымен, негізгі көрсеткіштер бойынша жүргізілген талдау осы қорытындыға әкелді.

Қазақстан банктер қорының кастодиандық қызметкерлерінің талдауы бүгінгі күнде лицензиясы бар он ЕДБ-ден тек алтауы ғана қызмет көрсететінін көрсетті. Соның ішінде АҚ «АТФ банк» үш қорға кастодиаль болып келеді, АҚ «Қазақстан Халық банкі», төрт қорға, АҚ «Банк Центр Кредит» және АҚ «Темірбанк» екі қорға, «HSBC Қазақстан банкінің» ішкі банкі және АҚ «Евразийский банк» бір қорға, ҰБ – «МЖЗҚ-н» қорына қызмет көрсетеді. Банк- кастодиальдың жетекші үштігіне АҚ «АТФ Банк», АҚ «Қазақстан Халық банкі» және АҚ «Қазақстан Ұлттық Банкі» кіреді. Қазақстан нарығында ең ірі Банк-кастодиі болып АҚ «АТФ Банкі» табылады, ол зейнетақы активтері 28,9% құраған қорларға қызмет көрсетеді. 2-ші орында АҚ «Қазақстан Халық Банкі» – кастодильді қызмет көрсету үлесі - зейнетақы активінің 25,3%-ы, соңғысы, елдің Ұлттық банкі, 17,9% көлемінде

АҚ «ЖЗҚ МЖЗҚ» қорларына қызмет көрсетеді. Бұл талдау зейнетақы нарығында кастоди қызметінің бірқалыптылығын көрсетеді, яғни бұл нарық секторы қалыптасып болды және банктерден жаңа лицензия алуға өтініші түспейді деп айтуға болады.

Сонымен бірге, жүргізілген ООИУПА қызметкерлерінің талдауы бойынша бұл мекемелердің инфрақұрылымдық үлестірілімі кастоди қызметтерінен өзгешеленетіні байқалды. Сонымен, 7 ООПУИА - дан өз қызметін тек 6 көрсетеді, соның ішінде тек АҚ «ООИУПА Bailyk asset management» 4 қорға қызмет көрсетеді. Дегенмен, бұл компанияның қорларға қызмет көрсету саны бойынша үлесі 36% болғанымен, басқарудағы зейнетақы активтерінің көлемі тек 8,3% құрайды. Жүйенің жиынтық активтерінің қалған 4 мекемесі актив 5% төмен бір-бір қордан қызмет көрсетеді. Бұл мекемелерге өздерінің қорларымен біріккен жөн. Жүргізілген зейнетақы нарығының құрама талдауы, танылған лидер Үштіктің қызметіне түзетулер енгізу керектігін көрсетті.

Сонымен, негізгі көрсеткіштері бойынша нарықтың күмәнсіз көшбасшылары болып АҚ «Қазақстан Халық Банкі» ЖЗҚ және АҚ «Ұлар-Үміт» ЖЗҚ-ы табылады. Бұл Үштікті АҚ «ЖЗҚ МЖЗҚ» тұйықтайды. Алайда, құрама талдауға сүйенсек, ол тек 5 орында, ал 3 орында - АҚ «Қазақстан БТА ЖЗҚ-ы». Бұл ауытқулар көп жағдайларда нарық көшбасшыларын сандық параметрі бойынша бағалау нәтижесінде болып отыр. Негізгі көрсеткіштер болып мынадай сапалық мінездемелер табылады: таза инвесторлық табыс, шарттағы зейнетақы бірлігінің құны, бір салымшының зейнетақы жинағы және қорлар арасындағы зейнетақы аударымдар сальдосы.

ЖЗҚ-ң маңызды ерекшелігі ұлғайып жатқан ерікті зейнетақы салымы болып табылатын зейнетақы салымының бұл түрі бойынша көшбасшы АҚ «Сенім ЖЗҚ» болып табылады, ал серікті зейнетақы салымы бойынша шоттар тек «ЖЗҚ Ұлар Үмітте» ашық. Ерікті зейнетақы салымының үлесі: «Сенім» - 61,49%, «Ұлар Үміт» -18,64% және «Капитал»-12,4% немесе бұл 3 қор жалпы шоттар санының 92,61% құрайды. Қалыптасқан уақыт ішінде зейнетақы активінің ерікті салымының орташа жылдық өсуі 1 айға 336 шотты құрайды. Соңғы жылда бұл көрсеткіш 181 шотты құрады. Бұл жағдай, біздің ойымызша, 2001-2004 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің кірісінің қысқаруы мен зейнетақы нарығының шығындылығына байланысты оған деген сенімнің түсуі себебінен Қазақстан азаматтарының ерікті зейнетақы жарнасына деген қызығушылығының төмендеуін көрсетіп отыр. 2005-2006 жылы табыстылық зейнетақы жарнасының бұл түріне деген қызығушылықты тудыруы мүмкін.

Осылайша, жүргізілген зейнетақы нарығының негізгі көрсеткіштерінің қаржылық талдауы бойынша 2005 жылда зейнетақы нарығы ұлттық валютада шығарылған активтердің пайдаларына зейнетақы активтерін салулары бойынша өзгерісі есебінен нарықтағы жалпы ахуал тұрақтандырылды. 2006 жылы зейнетақы активтерін инвестициялау ережелеріне енгізілген өзгерістерге байланысты, зейнетақы қорлары нарықта өз позицияларын бекітіп, инвестициялық табыстың өсу ахуалын жақсартты. Дегенмен, зейнетақы қызметі нарығының жалпы ахуалы нарықтың бөлінуі және оның тиімділігінің жоғарылауына мүмкіндік туғызатын қаржы менеджментінің сапасымен деңгейін жоғарылатудың қажеттілігін растайды.

Бастапқыдан зейнетақы реформасының бас мақсаттарының бірі-экономиканың нақты секторына Қазақстандық азаматтың зейнетақы жарналарының инвестиция салуы болды.

Бүгінгі зейнетақы активтерін ұлттық инвестициялау тәжірибесін өздерінің ұзын қазыналарының құрастырылу үлгісі деп атауға болады. Орналастыру мерзіміндегі үлкен мүмкіндіктерге ие болуына қарай ЖЗҚ-ы жедел қаржы құрамалар нарығында жылжымалырақ болып келеді. Бұл оған банктер, сақтау және инвестициялық компаниялар сияқты бәсекелестер алдында басымды жағдайды қамтамасыз етеді. Бұл ЖЗҚ-ы ресурстарының банк ресурстары менде басқа қаржы нарығының қатысушыларының ресурстары менде салыстырылмайтындығын білдіреді. Зейнетақы жүйесінің қызмет етуі қаржы құралдарының дефицит есебінен тиімді орналастырылу деңгейі төмендеп бара жатқан біршама ақша массасының жиынын қамтамасыз етті.

Зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің көп бөлігінің табыстылығы бюджетке түсетін салықтық төлемдермен қамтамасыз етілетін мемлекеттік бағалы қағаздарда орналастырылған.

Зейнетақы нарығының қызметін реттеу сұрақтарындағы пруденциалды - нормативтік базасын әбден жетілдіру бойынша шаралармен зейнетақы активін инвестициялаудың ортақ тұжырымдамалары арасында байланыс байқалмайды, басқа сөзбен айтқанда, мақсаттары мен әдістері арасында жекелік байқалады. Зейнетақы нарығы, өкінішке орай, несие берушілердің қызметтерін орындамайды, себебі облигациялармен басқа мемлекеттік бағалы қағаздар инвесторлар тарапынан қарыз қорларының бағыты мен қолдануына бақылаудың жоқтығы.

Болып жатқан процесстердің негізгі себебі: зейнетақы реформасының құқықтық базасы едәуір артта қалды және оның іске қосылуының нақты алғышарттарын құрастыруға бөгет жасайды. Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі және зейнетақы активінің құрылуының жұмысы осы жылдар ішінде

қағидаттары өзгермеді және шығарулары міндетті зейнетақылық жиынмен айқындалады. Осылайша заң жүзінде зейнетақы қорына әрбір жеке тұлғаның табысының актуарлық есептеусіз белгілі бір бөлігі аударылады. Бұл ақша инвестицияланады, инвестициялық табыстың көп бөлігі салымшының жеке зейнетақы шотына аударылады, ал 15-17% қорлардың керегіне жұмсалады. Бүгінгі таңда, осы барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының негізгі қызметі болып табылады. Ол тіпті зейнетақымен камсыздандыру институты емес, жарналы қаржы салу қорына айналды.

Мемлекеттің негізгі қадағалау және реттеу органы реттеу механизміне әртүрлі өзгерістер енгізу арқылы реттеп отырады.

Қаржы нарығымен жинақтаушы зейнетақы жүйесі субъектілерінің қызметінің мониторингін жетілдіру аясында, даму бағдарламасынан кейін, пруденциалды реттеу концепциясы қабылданады, ол өз кезегінде операциялық және несиелік тәуекелді ескере отырып, ЖЗҚ-ы және ООИУПА капиталына қойылатын талаптарды біріңғайландыру мақсатымен талаптарды айқындайды.

Басқаша айтқанда, ООИУПА-ң капитал мөлшері берілген компанияның басқаруындағы қаржы құралының саласына тікелей байланысты болады. Бұл концепцияға сәйкес жинақтаушы зейнетақы жүйесімен бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне қойылатын талаптарды біріңғайландыру мақсатымен ЖЗҚ-ы және ООИУПА-ға арналған пруденциалдық нормативтерге өзгерістер енгізілуде.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. ҚР-ның қаржы жүйесіндегі зейнетақы нарығының ролі.
2. Қалыпты қызмет ету қағидасы бойынша ЖЗҚ-ын топтастыр.
3. ЖЗЖ-нің негізгі көрсеткіштерін ата.
4. Жинақтаушы зейнетақы нарығының көшбасшысын қарастырып талда.
5. Қазақстандағы ЖЗҚ-ның негізгі кемшіліктері.

ТАҚЫРЫП 4

Зейнетақы қорларын қаржылық басқару

Қазіргі кезде экономикалық дамудың жеке секторы мен жұмыс орнын қалыптастыруда маңызды өзгерістер байқалып отыр. Әлемнің көп елдері- экономикалық саясаттың нарықтық жолына көшкен сайын, азаматтар әл-ауқаты үшін жеке компанияның маңыздылығын ұғыну жоғарылып келеді: жеке компаниялар жаңа жұмыс орнын ашады, салық түсімдерінің кірісімдері өседі, қызмет пен тауарлардың кең ассортиментін қолайлы бағамен өндіреді, көп мөлшерде халықтың жинағын басқарады және зейнетақыны қамтамасыз етеді. Әлемде жеке сектордың өсуі өз кезегінде корпоративтік басқару мәселесінің маңыздылығын арттырады. Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымдары елдерінде бұл жағдай бірнеше жылдан бері болып келе жатыр және де корпоративтік басқару режимін жақсарту үшін көп жұмыс жүргізілген. Азия елдері және басқа да аймақтарда дағдарыс не үшін корпоративтік басқарудағы есеп берушілік пен мөлдірлік мәселесі инвесторлар сенімділігі мен ұлттық экономиканың тиімділігіне керек екенін әлемнің елдеріне көрсетті.

Корпоративтік басқарудың ірі компаниялардың қызметтерімен бақылауды қамтамасыз етуінің ішкі құрамына жатады. Үкімет корпоративтік басқарудың негізгі жүйелері дамитын құқықтық, институциялық және реттеушілік климатын қалыптастыруда маңызды роль атқарып отырса да, негізгі жауапкершілік жеке сектордың мойнына жүктеледі. Корпоративтік басқарудың жоғары деңгейі компанияның өз капиталын тиімді қолдануына себепші болады. Мүдделі тұлғалардың кең шеңберінің мүдделерінің серіктестерінің есепке алуы, сонымен бірге оған бірлестіктер қамтамасыз етуге көмектеседі.

Компанияның өз басқару органына және акционерлеріне есеп берушілік мүмкіндік туғызады. Осыған байланысты шетел және отандық инвесторлардың сенімі артады және де ұзақ мерзімді, «шыдамды» капитал тарту мүмкіндігі жоғарылайды: нәтижесінде корпорация қызметі бүкіл қоғамның әл-ауқатының өсуіне ықпал етіп отырады.

Бәсекелестіктің қатаңдауы компанияларды бизнес басқару мәселелеріне көп көңіл аударуға итермелейді. Әлемнің ірі консультациялық фирмаларының бірі «Mekinsey» фирмасының зерттеуі мынаны көрсетті: нарықта өз орнын сақтап қалғысы келетін компаниялар басқару жүйесін жетілдіруді өз стратегиясының маңызды элементі деп қарауы тиіс. Бұл Қазақстан сияқты қараушы нарықтарға тән. Корпоративтік басқарудың болмашы ғана жақсаруының өзі бәсекелестік күрестің негізгі факторларына шешуші әсер етуі мүмкін екені дәлелденді. Ол факторлар:

- Бизнесінің даму қарқыны және оның тепе-теңдігі;
- Операциялық тиімділік және шығынның қысқаруы;
- Тәуекелдің төмендеуі;
- Мықты нарық позициясы: тұтынушы-өнім-сату каналы;
- Орнықты имидж және мінсіз таза абырой.

Қаржы менеджментінің қазіргі теориясында жиынтық ұйымдастырылған білімі компанияның стратегиялық активтерінің бірі болып белгіленеді. Бұл ұйымдастырылған білім жұмыс істейтін жүйе түрінде формалданылған жаққа, яғни документ түрінде болса, іс-әрекетті басқарып, керекті тәртіппен қолданылып, көкейкесті күйде қаралған жағдайда ғана шын мәнінде солай болады. Осы себепті де Қазақстан азаматына зейнетақы жинағы бойынша қызмет көрсететін зейнетақы қорының негізгі мақсаты мықты бәсекелестік басымдылыққа ие стратегиялық актив тиімді, әрі өзгеше басқарудың жүйесін құру және жетілдіру болып табылады.

Қаржы менеджментінің стратегиясы мен тактикасында, соның ішінде корпоративтік басқарудың жаңа бағыты- құндылық-бағдарланған басқаруда қазіргі компанияның жиынтық ұйымдастырылған білім ретіндегі тиімді басқару жүйесіне бағытталған әдістер қолданылады. ЖЗҚ-ы шеңберінде, қаржы менеджментінің осы бағыты бизнестің даму қарқынының өсуіне, бәсекелестіктің жоғарылауына және зейнетақы қорын капиталдандыруының өсуіне ықпал ететіндіктен, құндылықты-бағытталған менеджментті таңдайды. Қазіргі қаржы менеджментінің теориясы мен тәжірибесінде компанияның акционерлік құнын өсіруге бағытталған компанияны корпоративтік басқару әдіс-тәсілдерінің жиынтығы деп қарастырылған.

Қазіргі кезде Қазақстанның және бүкіл әлемнің қаржы менеджментінің теориясы мен практикасын түбегейлі өзгерістер күтіп тұрғаны бәрімізге мәлім. Алайда, акционерлер, менеджерлер, қызметкерлер, тұтынушылар және компанияның басқа да мүдделі тұлғаларының көзқарасы бойынша бизнес қаржысын басқарудың бұрынғы жолы не тіпті жұмыс жасамайды, не

өте тиімсіз жұмыс жасайды. Елдің зейнетақы бизнесінің мекемелерінің ерекшелігі корпоративтік капиталының ерекше құрылымын көрсетеді.

Зейнетақы қорының қаржы менеджментінің негізгі қызметтерінің бірі- қор капиталының құрылымының қалыптасуын басқару. Қазақстандағы ЖЗҚ-ның маңызды ерекшелігі болып ЖЗҚ-ң корпоративтік капиталындағы жоғары меншікті салмағы аталды. Корпоративті капитал ұғымына анықтама берумен қатар, ЖЗҚ-ң жиынтық корпоративтік капиталына 5 жылдағы талдаулар және алынған қорытындылар кесте 1- де келтірілген.

Кесте 1 - ЖЗҚ-тың жиынтық бірлескен капиталы

Жыл	Жарғылық капитал		Резервтік капитал		Меншіктік капитал		Міндеттемелер		Корпоративтік капитал	
	Млн тенге	%	Млн тенге	%	Млн тенге	%	Млн тенге	%	Млн тенге	%
2002	3447,2	80,0	157,6	3,65	4142,1	96,2	722,4	3,8	4306,8	100
2003	5573,2	75,5	479,2	6,5	6598,0	89,4	777,1	10,6	7375,2	100
2004	6351,2	74,4	1395,4	16,3	8107,5	95,0	425,3	5,0	8532,8	100
2005	6148,9	49,4	1436,9	11,5	11932,6	95,9	511,4	4,1	12444,0	100
2006	8501,0	36,7	1706,2	6,9	23132,2	94,4	1366,9	5,5	24504,1	100
Ескерту- 22,23 мәлімет бойынша құрастырылған										

Берілген мәліметтер талдауы ЖЗҚ-ң корпоративтік капиталының құрамындағы меншікті және жарғылық капиталының құрамындағы меншікті және жарғылық капиталдың жоғары деңгейін куәландырады. Бұл өз кезеңінде ЖЗҚ-ң капитал құндылығын ерекше басқаруды және бүкіл әлемде қабылданған ерекше корпоративтік басқарудың тиімді принциптерін қолдануды көздейді.

Кесте 1-де көрсеткіштер ЖЗҚ-ң бөлінбеген табысының оның өз капиталының тиімділігімен сәйкес келетінін тағы да растайды. Бұл компания қызметінің анықтаушы көзі компанияның өз капиталы болып табылатындығымен жүзеге асады (яғни ол қарыздарға тәуелді емес) . Жеке қорлар бірлескен капиталының құрылымы жөніндегі жағдай жалпы алғанда ортақ тенденциядан айырмашылығы жоқ. Бұл кесте 2 - де көрсетілген.

Кесте 2 - 2007 жыл 1-қантар ЖЗҚ-ның корпоративтік капиталының құрылымына талдау

ЖЗҚ	Меншікті капитал		Бөлінбеген пайда (шығыс)		Міндеттемелер		Корпоративтік капитал	
	Млн тенге	%	Млн тенге	%	Млн тенге	%	Млн тенге	%
ҚР Халық банкі	6111,6	99,5	2545,3	41,4	29,4	0,5	6140,9	100
БТА Қазақстан	4307,6	99,7	2790,9	64,6	12,6	0,3	4320,3	100
МЖЗҚ	2311,4	97,85	82,6	3,4	50,6	2,15	2362,3	100
Валют-Транзит Қоры	2095,6	99,5	6,3	0,3	10,1	0,5	2105,7	100
Ұлар-Үміт	1580,0	66,1	624,9	26,1	808,3	33,69	238,4	100
Басқа табыс әкелетін ЖЗҚ	2782,4	94,4	357,8	12,1	189,4	5,6	2946,3	100
Басқа шығын әкелетін ЖЗҚ	1234,4	96,7	-25,1	-	41,6	3,3	1275,9	100
Зейнетақы жүйесі бойынша қорытынды	20423,1	94,8	6382,	29,6	1116,5	5,2	21539,7	100
Ескерту- 22 мәлімет бойынша құрастырылған								

Бұл кесте бойынша, зейнетақы қорларының барлығының дерлік корпоративтік капитал құрамындағы жеке капиталының тұрақты жоғарғы, меншікті салмағы бар. 2006 жылдың қорытындысы бойынша шығынға ұшыраған зейнетақы қорларының құрамында коммерциялық банктердің акционерлерінің болмайтындығын атап өту керек.

Бұл осындай қорлардың капиталын басқарудағы ерекшеліктерді анықтайды және ұқсас нәтижелерге себепті болады. Зейнетақы қоры қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі қаржы менеджментінің (басқармасының) қызметінің іске асыру дивиденд саясатына деген қажеттілікті және қордың даму стратегиясын іске асыруын талап етеді. Қаржы менеджментіндегі қордың дивидентті саясатын құрастыру кезінде келесі принциптерді басшылыққа алу керек.

- Зейнетақы қорының пайдасы көбінесе зейнетақы активі бойынша инвестициялық табыстарға және зейнетақы жинақтағышының делдалдық ақысына байланысты болады. Ал олар өз кезегінде зейнетақы активтерін басқарушылардың тиімділігіне байланысты болады. Олардың жақсы нәтиже беруі инвестициялаудың пруденциалды нормативтеріне және қаржы құралдары нарығындағы ұсыныстарға тәуелді. ЖЗҚ-ң бөлінбеген табыстарының динамикасы 5 жылда бұл көрсеткіштердің тұрақты емес екендігін растады. Осылайша, 2001 жылы ЖЗҚ-ң бөлінбеген жиынтық табысы- 497,6 млн теңге, 2002 жылы -707,8; 2003 жылы -1270,5; 2004 жылы - 586,8; 2005 жылы -363,5; 2006 жылы - 12000,5 млн теңгені құрады. Сонымен

қатар, қаржы менеджментінің қызмет ерекшеліктеріне қарамастан оның басты қызметі - салық салуды төмендету. Себебі, салық салу табысы неғұрлым көп болған сайын корпоративті салық соғұрлым көп болады;

- Дивиденд түрінде төленетін пайда қосымша пайда болып табылады, ол кейбір жағдайларда қорлар инвестицияларының жеке портфелінің негізгі көзі болып табылады.

- Қордың акцияларының дивиденд түрінде төлеулердің үлестіру нормасы қордың меншікті капиталының жеткіліктілігіне байланысты пруденциалдық нормативтерге сай келуі тиіс. Бұл үлестіру нормасы жоғары болған сайын, қордың активтерінің өтімділігімен К1 төмен болуымен түсіндіріледі;

- Акционерлерге төленетін дивидент түріндегі кіріске табыс салығы салынады.

Қор иелері, салымшылар және мемлекеттік реттеуші орган ретінде мүдделерінің балансы, қорлардың капитализация деңгейінің жоғарылатуы қажеттілігі арқылы жетеді. Қорлардың капитализация деңгейінің жоғарылауының негізгі әдісі акцияларды орналастыру мен бөлінбеген кірісті жарғылық капиталды толықтыруға бағыттау. Қазақстандық ЖЗҚ-ы екі әдісте қолданылады және нақты құқықтық шектеуі жоқ.

Бірінші әдіс үшін қойылатын негізгі шектеулер:

- алдыңғы эмиссияда орналастырылмаған акция көлемі;

- қордағы сатып алынған меншікті акциялардың болуы;

- ҚҚА-ның талаптарының сай келмейтін жаңа эмиссия проспектінің дайындауы;

Екінші әдіс үшін шектеулер:

Қордың капиталдау деңгейін көтеру үшін бөлінбеген кірістің игілігі. ЖЗҚ-ы қаржы менеджментінің дивидент саясатын орындау кезінде үлестіру үштігі мыналарға тәуелділігін ескеру керек: меншікті құралдардың табыстылығына және өсудің ішкі екіні және дивиденд төлемдерінің әдісіне.

Меншікті құралдардың табыстылығы қордың потенциалды дамуының иелігін анықтап қана қоймай, дивиденттің жоғары деңгейін де анықтайды, егер ROE 20%-ға тең болса, онда меншікті құралдарды 20%-ға көбейтеміз немесе 20% дивиденд төлейміз немесе олардың арасында ортақ шешім қабылдау керек.

$$NR = \frac{ROE - IRG}{ROE - IRG} ; \quad IRG = ROE - (1 - NR), \quad (1)$$

ROE

Мұнда: NR-үлестіру нормасы;

ROE-меншікті құралдардың табыстылығы;

IRQ- өсудің ішкі қарқыны [29, с.67].

Өсудің ішкі қарқыны көрсетеді:

- Осы үлестіру нормасы бойынша кірісті бағыттап, меншікті құралдарды қаншалықты үлестіре алады.

- Негізгі құралдардың өсуі пассивтерінің жалпы сомасының өсуіне әкеледі.

- Бұл өз кезегінде активтердің өсуін куәландырады.

- Пассивтің өзгеріссіз құрылымы мен трансформацияның өзгеріссіз коэффициенттерінің IRQ инвестиция қорының меншікті мөлшерінің өзгерісін көрсетеді.

Кесте 3 - ЖЗҚ-ның есептік көрсеткішінің өзгерісі

ЖЗҚ	2004ж.			2005ж.			2006ж.		
	ROE	IRG	NR	ROE	IRG	NR	ROE	IRG	NR
Қазақстан Халық Банкі	0,06	0,06	-	0,49	0,39	0,2	0,43	0,34	0,2
БТА Қазақстан	-	-	-	0,27	0,25	0,1	0,29	0,23	0,2
Ұлар Үміт	0,06	0,06	-	0,33	0,27	0,2	0,11	0,9	0,1
Атамекен	0,07	0,07	-	0,21	0,18	0,1	0,24	0,21	0,1
МЖЗҚ				0,03	0,03	-	0,08	0,08	-
Ескерту- 22 мәлімет бойынша құрастырылған									

Кестедегі берілген мәліметтердің талдауы мынадай қорытынды жасауға мүмкіндіктер береді. ЖЗҚ-ң нақты кірісі 2005-2006 жылдарда байқалады. Сондықтан қорлардың дивиденд төлемі тек осы жылдары ғана беріледі. 2005 жылы төмен болғанымен, бірде бір ЖЗҚ-ы өз акционерлеріне дивиденд төлемеді, себебі табыстың негізгі бөлігі алдыңғы жылдардағы шығынды өтеуге және қордың келешектегі дамуына жұмсалды. 2006 жыл қорытынды бойынша көптеген қорлардан дивиденд төлеуі ішкі өсімнің табыстылығын қамтамасыз ету мақсатында NR мөлшерінің 10-20% деңгейінде жалпы зейнетақы қорында ол 1,3-тен 2,6 теңгені құрайды.

Осы кезеңдерді басқара отырып, қаржы менеджменті аясында дивидент саясатының негізгі мақсаты - IRC мен портфель мөлшерінің өсу процессімен сәйкес келуі, акционерлер қызығушылығымен дамудың жеткілікті қаржыландыруының қажеттілігін арттырады. Сонымен бірге, дивиденд төлеулерін өте ұтымды әдістің таңдауы болашақта дамыту ғана емес, дәл осы

кезде және пруденциалдық нормативтарды орындалуда қордың өтімділігі де дивидендтің төлеуі және мәселелер сәтті пайда болатын жағдайлар мүмкіндік береді.

Қаржылық менеджмент жүйесі әртүрлі дивидент төлеу әдістерін қарастырады, олардың ішіндегі көп таралғандары:

- Тұрақты %-ды төлеу әдісі. Ол жай акцияның таза табыс көлеміне анықталатын «дивиденд шығуы» көрсеткішінің тұрақтылығын сақтауды көрсетеді. Артықшылығы - көрсеткіштің төмендеуі акция курсының түсуіне әкелуі мүмкін;

- Бекітілген дивиденд төлеулер әдісі - акция дивидендінің курсына байланыссыз тұрақтылығы мен жүйелілігін сақтау. Артықшылығы - қарапайымдылық, акцияның курстық құнының тербелісін тегістеу; кемшілігі - төлем кірісінің азаюы өтімділікті түсіреді;

- Кепілді минимумды төлеу және «экстра дивиденд» әдісі - жүйелі төлемдердің тұрақты төленуі мен компания табыстылығына байланысты. «Сыйақы» дивидендінің төленуін сақтау. Артықшылығы - акция курсының тербелісін тегістеу. Кемшілігі - дивиденттің жиі төленуіне байланысты ол күтіледі және акция курсы қалыптастыруда роль атқаруын тоқтатады;

- Дивидендті акциямен төлеу әдісі. Артықшылығы - өтімділік мәселесінің тез шешімі, барлық кіріс дамуға бағытталады, бұл тартысты құрылымның үлкен бостандығы, ынталандырудың қосымша тетігінің болуы. Кемшілігі - инвестордың ақша таңдап акциямен сатуы мүмкін.

Осыларды қарай отырып, барлық дивиденттік төлеу әдістерінің ішінде ең артығы - дивидендті акциямен төлеу әдісі болып табылады. Себебі, тек сол әдіс капиталдануының өсу мәселесін шешуге көмектеседі, акционерлер құрылымын өзгертпейді.

Бірлескен капиталдың биік шоғырлануының артықшылықтары да, кемшіліктері де бар. Ірі мемлекеттердің бірлескен бақылауды шоғырландыру жағдайында топ-менеджментті «қопсыту» (окапывания) мәселесі сонша өткір болып табылмайды. Топ-менеджментті қопсыту деп әдетте ықпал ету салаларын кеңейту нәтижесіндегі компанияларды басқарудағы тоқырауды айтады. Капиталдың жоғары шоғырлану жағдайында кең әрі өкілетті басқару органдарын қалыптастыру қажеттілігі азаяды. Өткізілген зерттеулер компанияның қызметінің тиімділігі мен акционерлік меншіктің шоғырландыруының аралығындағы оң корреляцияларды жиі көрсетеді. Ең негізгі кемшілік бұл – осы жағдайдағы меншік иелері жалдаған сыртқы директорларды толық тәуелсіз позициямен қамтамасыз ету қиынырақ болып табылады. Бұл өз кезегінде мұндай компанияларды нақтылы инерциялылыққа және батыл техникалық және экономикалық жаңалықтарға

кішірек қабылдағыштығын өз кезегінде алып келеді. Сонымен бірге осындай бақылауында тәртіптік функцияның іске асыруы қамтамасыз етілетіні айтылады. Қазақстанның ЖЗҚ-ның бірлескен капиталы акционерлік капиталдың шоғырландыруының түбегейлі деңгейін көрсетеді. Бұл ерекшеліктер ЖЗҚ-ы үшін ғана емес, көп қаржы ұйымдары және елдің институттары үшін тән. Істердің мұндай жағдайы Қазақстанның қаржы нарығын дамытуға және әбден жетілдіруі бойынша апарылған реформалар негізі салдарынан болды. Сонымен, 1997 жылы республикамызда енгізілген зейнетақымен қамсыздандырудың жаңа жүйесі қаржы ұйымдарының жаңа түрін – жинақтаушы зейнетақы қорларын жасауды талап етті. Сол мезгілде бұл процесті ұлттық экономиканың тек қана ірі экономикалық субъекттері болып табылатын коммерциялық банктер ғана қолдай алды. Бұл елдің коммерциялық банктерінің қолдарындағы мұндай акционерлік капиталдың шоғырландыруының биік деңгейінің негізгі себебі болды. Осылай, ЖЗҚ-ның акционерлік капиталының талдауы келесі кестенің мәліметтерінде қаралған.

Кесте 4 - қазақстандық ЖЗҚ-ның акционерлері туралы мәлімет

	ЖЗҚ	Ірі акционерлер
1.	МЖЗҚ АҚ	ҚР Ұлттық Банкі
2.	АҚ МЖЗҚ Қазақстан Халық Банкі	АҚ Қазақстан Халық банкі
3.	АҚ ЖЗҚ Ұлар Үміт	АҚ казкоммерцбанк
4.	АҚ ЖЗҚ БТА Қазақстан	АҚ Банк Туран Алем
5.	АҚ ЖЗҚ Capital	АҚ Банкцентр кредит
6.	АҚ ЖЗҚ Грантум	АҚ ДАБ АВ< AMRO Қазақстан банкі
7.	АҚ ЖЗҚ Атамекен	АҚ Нұрбанк АҚ Банк Центр Кредит
8.	АҚ Кунаев атындағы ЖЗҚ	Банктік емес тұлғалар
9.	АҚ ЖЗҚ Қазақмыс	АҚ Қазақмыс
10.	АҚ ЖЗҚ Республика	Банктік емес тұлғалар
11.	АҚ ЖЗҚ Нефтегаз Дем	Банктік емес тұлғалар
12.	АҚ ЖЗҚ Отан	АҚ АТФ Банк
13.	АҚ ЖЗҚ Сенім	АҚ ССГПО
14.	АҚ ЖЗҚ Қорғау	Банктік емес тұлғалар
Ескерту- 22,28 мәлімет бойынша құрастырылған		

Көрсетілген мәліметтердің талдауы 14 ЖЗҚ-ның тоғызына акционер болып Қазақстанның коммерциялық банктері табылатыны туралы куаландырады.

Зейнетақы қорларының корпоративті капиталы үлкен дәрежеде акционерлік капиталға тәуелді болады, инвестициялаудың басқа көздері өндірістік сала мен банктер. Бұл қағида бүкіл әлемде серіктестіктердің құндылық бағдарланған қаржы менеджменті шеңберінде қолданылатын бірлескен басқаруының ерекше маңыздылығын анықтайды.

Елдің зейнетақы қорларындағы бірлескен басқаруына бұл қағида енгізуі қажеттілігі, келесі себептермен шартталған:

- Зейнетақы нарығының институционалдық құрылымы бір-бірінен қаржы көрсеткіштері бойынша да, нарықтағы еншісі бойынша да едәуір айырмашылығы болатын аймақтық қорлармен ұсынылған;

- ЖЗҚ-ның корпоративті капитал құрылымында негізгі үлес меншікті капиталға, соның ішінде, иелердің және қадағалау органдарының тарапынан ерекше көңіл бөлуді талап ететін жарғылық капиталға тиесілі;

- Зейнетақы қорларының биік аймақтық шоғырландыруы. Осылай, бір облыстарда жеке зейнетақы қорларының кең желілі филиалдары бар, кейбіреулерінде тіпті жоқ;

- Басқару тәуекелдерді жоғарылататын және серіктестіктердің құнына ықпал ететін елдің сауда банктері бар зейнетақы қорларының бүркеме аффилирлығының түбегейлі деңгейі;

- Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің зейнетақы активтері мен өздерінің қорларының қызметінің төңіректеріндегі мемлекеттік шешімдеріне биік тәуелділігі қолданылған;

- Зейнетақы қорларының топ-менеджментіне кадрлардың таңдап алуын, мобильділік және иілгіштіктің деңгейін түсіретін басқарудағы керітартпалықты куәландыратын бірлескен жол тән;

Зейнетақы активтерін инвестицияландыру нарығы ҰЖТ-ың соңғы жыл ішінде өсудің оң динамикасын көрсетеді. Сонымен бірге, осылай, 2002 жылдан 2007 жылдарға дейінгі мерзімде елдің ҰЖТ-ына ЗА-нің үлесі 7- 11%-ға дейін өсті, осы көрсеткіштің өсу қарқыны 2003-2004 жылдар мерзімінде төмендеді, содан соң 2006 жылда 2002 жылдың деңгейіне дейін бұрынғы қалпына келді. Бұл ЗА-нің өсу қарқыны ҰЖТ-ың өсу қарқынынан артта қалушылығымен байланысты.

Бүгінгі күнге дейін ЖЗҚ-ның да ООИУПА-ның да меншікті және зейнетақы активтерін орналастру талаптары инвестициялық саясатқа карағанда, реттеуші талаптарға сай және нарықтағы ұсынысқа байланысты орындалып келді. Мұндай саясатты қорлар және олардың басқармалары тек соңғы жылдарда ғана жүргізіп бастағанын атап өткен жөн. 2005 жылға дейін болған ЖЗҚ-ның инвестициялық портфелінің құрылымына қойылған қатал талаптар көптеген қорлардың шығынды қызмет етуіне әкелген төмен инвестициялық табысты тудырды.

Тәуекелдерді басқару жүйелері шеңберінде қордың операциялық қызметін қамтамасыз ету нысаны, ақпараттық жүйе мен басқару мәліметінің жүйесінің болуы активтік портфеліді басқару тиімділігінің негізгі анықтауыштары болып табылады.

Ақпараттық жүйелер және басқару мәліметінің жүйелерінің өзіне жалпы инвестициялық кәсіпті бағалаудың негізгі анықтауыштары кіреді. Ұқсас ақпараттық жүйелердің болуы зейнетақы қорларының активтерінің портфелін басқаруды ықшамдау тетігін іске қосуы туралы ойлауға мүмкіндік

береді. Себебі активтерді басқару ісі басқалары сияқты процестерді ықшамдауды талап етеді. Нарықтың тұрақты барлауы және инвестициялық шешімдер қабылдау шарттарында бизнес - процестердің дұрыс салынған тізімі бәсекелестік күресте басты артықшылық болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық жүйелер институциональды инвесторлардың да, эмитент серіктестіктердің де бірлескен басқару қиыншылықтарын қарастыратынын атап өту керек.

Активтердің портфельдік басқарылуының ұйымдастырылуы ООИУПА және ЖЗҚ-ның топ-менеджменті және серіктестіктердің қызметкерлері тарапынан ынталандыру мақсатында алдыңғы технологияларды қолдануға негізделуі керек.

Болып жатқан өзгерістер нарық өсуінің жаңа кезеңіне өтіп жатқанын көрсетеді. Бағалы қағаздар нарығының қалыптасуы мен зейнетақы қоры түріндегі зейнетақы жүйесінің құрылуы жолында қолданылған қызмет қағидалары ендігі кезекте қатысушылардың қызмет масштабына сәйкес келмейді. Бизнесінің тез өсу қарқынында портфельді басқару процесінің қиындауы тәуекелдерді арттырады. Бұл шарттарда кәсіпкерлікті басқарудың автоматтандырылған жүйесін қодану қажет. Бұл әсіресе өзекті болып келеді, өйткені шығындар мен шығыстардың қысқаруы тек бизнес жоспардың мөлдірлігі, шығындардың қатал бақылануы арқылы жүзеге асырылатын, нәтижесінде өзілік құн ықшамдалатын қаржы секторы бәсекелестіктің болуымен ерекшеленеді.

Ақпараттық мөлдірліктің қағидасы бағалы қағаздарың ЖЗҚ-мен сатып алынатын эмитент-серіктестерде қолданылады. Осы қағиданың өзектілігі сонымен қатар, МЖЗҚ портфелінің құрылымы оның құрамына кіретін бағалы қағаздардың рейтингіне сәйкес бағаланатынына байланысты. Бұл листинг талаптарынан эмитент пен бағалы қағаздың рейтингтік бағалауына өтуі ЖЗҚ-ның инвестициялық портфелін, құралдардың табыстылық тәуекелін ескере отырып, қайта форматтауға байланысты келеді. Қазақстандық қор биржасының (KASE) «А» тізіміне кірген ААҚ «Шахармұнайгаздың» қабілетсіздікке ұшырауынан (дефолт) кейін листинг эмитенттің де, бағалы қағаздың да жоғары несие сапасының кепілі бола алмайтыны түсінікті болды. ЖЗҚ-ы 1,2 миллиард тенге зейнетақы активтерін депозитке салған АҚ «Комирбанк» «А» листингінің серіктестігі деген биік атағын ақтай алмады. Бұл екі ұйым өзінің ЖЗҚ-ы алдындағы міндеттемелеріне жауап бере алмады, сондықтан бұл міндеттеме мемлекеттің мойнына жүктелді. Жеке алғанда, Ұлттық банк Комирбанк депозиттерінде орналастырылған зейнетақы жинақтарын пайызды сыйлықақы бермей төледі. Мұнай серіктестігінің облигациясына салынған ақша қаражаттары

7миллионнан астам доллар, оның басшылығына қарсы қылмыстық іс қозғалғаннан кейін ғана қайтарылды [54] .

Листингтен басқа эмитент пен құнды қағаздарды бағалау сенімділігінің көрсеткішін іздеу мәселесі кейбір тау-кен саласының тартымды серіктестері өзінің меншік формасын ЖШС-дан АҚ-ға өзгертіп, делистинг жүргізгенде асқынды. 2005-2007 жылдарға Жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бағдарламасы шеңберінде ҚБА зейнетақы активтерін инвестициялау объектісін таңдау көрсеткіші ретінде эмитенттің немесе құнды қағаздың өзінің белгіленген минимум шегінен кем болмайтын рейтингін қолдану мүмкіндігін қарастырады. 2007 жылдан бастап эмитентті бағалаудың рейтингтік жүйесіне кезеңді өту жоспарланды. ЖЗҚ-ның бастапқы дамуында листинг өте сенімді қағаздарға зейнетақы қорларын бағдарлау үшін қажет болды. Өйткені сол кезде халықаралық рейтингтерге қазақстандық серіктестіктердің ешқайсысы ие болмады, эмитенттің KASE-ның жоғары санатына кіруі ООИУПА үшін серіктестіктің бағалы қағазын сатып алуға негіз болды. Дегенмен, листингке бағалы қағаздардың қосылуы барлық тәуекелдерді нивелирлеуге мүмкіндік бермейтіні белгілі жай. Бұл тек нарық бағасы мен инвесторларға арналған эмитент туралы жүйелі мәліметтің бар болуы. Серіктестік басқарушылары шетелдік қағаздармен жұмыс жасағанда тек қана эмитенттің рейтингі мен БҚ-ға бағдар алады.

Қазақстандық инвестиция салу нарығының талдауы инвестициялық тартымдылықтың басты белгісі, яғни мөлдірлік тек қана екінші деңгейлі банктерге сай келетінін көрсетті. Сонымен бірге олардың көпшілігі шетелдік капитал нарықтарына шығады, сондықтан халықаралық деңгейдегі биік рейтингтерге ие. IPO серіктестіктерімен өткізу олардың халықаралық агенттіктердің рейтингтерінің алуына жағдай жасайды. Отандық АҚ-дың көпшілігінің күрделі және шығынды рейтингтеу процедурасын өткісі келмейтінін қызықтырудың жоқтығымен түсіндіруге болады: серіктестік қағаздары автоматты түрде зейнетақы активтерін инвестициялауға рұқсат етілген тізіміне қосылу үшін «А» листингіне ену жеткілікті, рейтингке қарқындырақ ену үшін капиталды бағалаудың ішкі рейтингтік құнын дамыту қажет.

Елімізде қызмет ететін Standard&Poog's ұлттық шкаласы қазақстандық эмитенттердің белсенділігін тудырмады. Бұл KASE листингіне белгілер бойынша өту ұлттық рейтингтік шкала бойынша баға алудан анағұрлым жеңілдеу болғанына байланысты.

ЖЗҚ үшін листингтен рейтингке өту біртіндеп іске асуы керек. Уақыт рейтинг алу үшін эмитенттерге ғана емес, салымшыларға арналған шығынсыз инвестициялық табыстарын өзінің инвестициялық портфельдерін

қайта құруға арналған өзінің зейнетақы қорларына да керек. Қаржы құралдарының жетіспеушілігі шартында қаржы активтерінің көп бөлігі рейтингі жоқ листингтелген серіктестердің қағаздарына салынған. Қазақстандық серіктестіктердің мемлекеттік емес қағаздарының еншісіне инвестициялардың көп бөлігі келеді - 40,95%.

Сонымен бірге эмитенттің рейтинг арқылы бағалауына өту ЖЗҚ-ның барлық қиындықтарының шешімін таппайтынын байқау керек. Рейтингтік бағалы қағаздарға салым салу табыстылықтың төмендеуіне әкелуі мүмкін, себебі халықаралық рейтингі бар аспаптар төмен тәуекелдермен сипатталады, демек қарызға алудың төмен бағалығы. Бұдан басқа, рейтинг листинг секілді эмитенттің немесе қағаздың толық кепілдігі мен сенімділігін көрсете алмайды.

Рейтинг арқылы бағалау - тәуекелден сақтандыру емес, өйткені рейтинг агенттіктері дефолт ықтималдығының бағаларының бірі, тәуекелдің пайда болу жағдайында ЖЗҚ міндеттемелер бойынша жауап бермейді.

Осылайша, зейнетақы және меншікті активтерді инвестициялық басқарудың қызметтерінің ашылу позициясынан ЖЗҚ-тың қаржы менеджментінің негізгі бағытын сипаттауға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Институциональдық инвесторретіндегі ЖЗҚ-ның мәні мен ролі.
2. ЖЗҚ-ның меншікті активтерін инвестициялау ерекшеліктері.
3. ЖЗҚ-ның зейнетақы және меншікті активтерінің портфельдік менеджментке тән қағидалары.
4. Комплекстік инвестициялық саясаттың негізгі бағыттары.

ТАҚЫРЫП 8

Зейнетақы нарығының дамытудағы зейнетақы қорының қаржы менеджментін әбден жетілдіру жолдары

Қаржы менеджментінің эволюциясы бұл соңғы бірнеше жыл болып жататын ғылымдар оның адресі бағдарлануын қажеттілікті анықтады. Егер жалпы қаржы менеджменті классикалық мәтінге негізгі қаржылық басқарудың анықталуына жақынырақ болса, ал қазір нарықтық экономикада күнделікті дамып одан нақты бағыттарды күтуде. Қаржы менеджментінің мәні ұлттық экономиканың дамуын қайта бағалау қиынырақ. Қоғам дами берген сайын, оның тіршілік ету шарттары зерек өзгеріп отырады. Мұндай көрініс қоғамның дамытуда жаһандану сияқты қоғам өмірінің бар жағын қоршап алды [57, б.24]. Жаһандану үдерісі қалыптасып бірлескен экономикалық әлемнің кеңістігіне әсер етеді. Бұл кеңістік қалыптасқан жаңа экономикалық ойлауда, ең алдымен менеджмент пен басқару сұрақтарында айқындалады. Қаржы менеджментіне жоғары талаптар қойылады, себебі ол басқа құрылған менеджмент тығыздығын басқару тәсілі бүгінгі қалыптасқан нарықтың жетістігін анықтайды. Жаңа қаржылық менеджмент анағұрлым нақты, кең көлемді және көп аспектілі болды. Оның нақтылығы жасалып жатқан ұсыныстармен және мемлекттік басқаруда қалыптасқан талаптарының сапасымен анықталды. Оның кең көлемдігі ұзақ, орта, ағымдағы стратегиялық жоспарлар әр уақыттағы интервалдың даму параметрлердің қалыптасу нәтижесінде анықталып жинақталды. Көп аспектілі қаржылық менеджменті оқып жатқан сұрақтар мен өндіріліп жатқан ұсыныстар арқылы көрініс тапты. Қазіргі кезеңдегі қаржы менеджментінде барлық жаңа өндіріліске қаржылық талдау саласында,

бухгалтерлік есептер мен қаржылық математикада, ақпараттық технологияларда синтезделеді [58, б.97].

Зерттеулерде зейнетақы нарығы көптеген елдердің ұлттық экономикасында маңызды орын алатынын көрсетеді, себебі ол әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін анықтайды. Оның ролінің мазмұны жинақтаушы зейнетақыны қамтамасыз ету жүйесі арқылы қалыптасқан қаржы секторының ірі ресурстарымен жүргізіледі. Қаржылық менеджменттің зейнетақы қоры бірден бір нақтылаушы бағыттармен шықты және өзінің дамуын барлық елдерде көрсетті. Талдаулар нәтижесінде зейнетақы қорының қаржы менеджменті елемізде келесі бағыттардың құрылуымен байланысты.

Кесте 1 - Ұсынылған бағыттардың ЖЗҚ қаржы менеджменті

Қаржылық менеджментті басқару	Қажеттілік	Нәтиже
Корпоративтік капиталды басқару	ЖЗҚ-ның пассивтерінің құрылымының негізінен меншік салымдары көздерінен құрылатынына байланысты, енгізген «корпоративтік капитал» ұғымы ЖЗҚ-ның капиталының осы қалпын қаржылық менеджментінің тиісті моделін анықтауын қажет етеді.	ЖЗҚ-ның корпоративтік капиталының қаржылық менеджментке бағытталуы оның тиімділігін арттыруға, демек қордың жеке портфелінің табыстылығы мен барлық ЖЗҚның сенімділігін арттырады.
ЖЗҚ-ның меншікті капиталын басқару	ЖЗҚ-дағы дифференциалдық меншікті активтердің әлсіз жақтары олардың қаржылық менеджментіне ерекше көңіл бөлуді қажет етеді.	Қордың меншікті активтердің қаржылық менеджментінің деңгейін көтеру олардың қайтарылымын көтеруге мүмкіндік туғызады, бұл ЖЗҚ қарамағындағы зейнетақы активтерінің пайдалылығының кемуіне байланысты туындайтын шығындарды жабуға қажет.
ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқару	Зейнетақы активтеріне қызмет көрсету қазақстандық ЖЗҚ қызметтерінің басты және негізі болып келеді және ол ЖЗҚ қаржы менеджментінің басты мақсаттарының бірі болып саналады.	Зейнетақы активтерін тиімді басқару ЖЗҚ-ы қызметінің сенімділігін нығайтады, бұдан зейнетақы қызметінің сапалылығының артуы, әсіресе ЖЗҚ жүйесі алық жерде қызмет ету кезеңінде байқалады.

Осыған орай, кестеде көрсетілген қаржы менеджментінің бағыттары жүргізілген зерттеулердің нәтижелерінің кілті болып келеді. Енгізілген категориялық аппаратындағы қаржы менеджментінің термині “корпоративтік капитал” құрылған қаржы менеджменті жинақтаушы зейнетақы қорының маңызды қажеттіліктерін білдіреді. Соған байланысты, егер қаржы менеджері өзінің объектісін басқаруын анық ойласа, нәтижелі алынған шешімдері бірнеше есе өседі.

Корпоративтік капиталдың мазмұны қаржы менеджменті компаниясын, ЖЗҚ-ғы аналогтік қызметтерін қарастырады. Берілген термин инвестициялық менеджмент қорында, сақтандыру ұйымында, және де коммерциялық емес ұйымдардың құқығы жоқ немесе қолданылмайтын сыртқы қарыздары қаржы қызметінің көзі ретінде қолданылған.

Корпоративтік капиталды басқаруды Қазақстандық ЖЗҚ-ның негізгі бағыттарының сапасын анықтайды;

- 1) Пассивті құрылымды басқару;
- 2) Дивиденттік саясатты басқару;
- 3) ЖЗҚ - ның меншікті капиталының нәтижелілігінің жоғарлауы;
- 4) Корпоративтік капиталдың құнын басқару;
- 5) ЖЗҚ-ы үшін енгізілген корпоративтік принциптерді бақылау;

Пассивті құрылымды басқару, дивиденттік саясатты басқару, ЖЗҚ - ның меншікті капиталының нәтижелілігінің жоғарлауын қалыптасу саласы мен компанияларды қаржыландыру қызметіндегі қаржы менеджментінің классикалық бағытына жатқызуға болады. Берілген бағыттардың ЖЗҚ-ғы қаржы менеджментінің адресін құруда мыналар ұсынылады;

- ЖЗҚ-ғы (корпоративтік капиталдағы) пассивтік құрылымды талдауда көрсетілген, себебі негізгі салмақ меншікті капиталында орын алады, сондықтан басты көңіл қаржы менеджеріндегі меншікті капиталына бөлінген. Оқытып берілген талдау ЖЗҚ-ғы бөлінбеген табыс динамикасы толығымен меншікті капитал тиімділік динамикасымен сәйкес келеді, егер компания қызметінің көзі меншікті капитал болатын болса (қарызға алғандарға қатысты емес);

- дивидентті төлеудің классикалық әдісін талдауында көрсетілген, Қазақстандық ЖЗҚ-ның 2 негізгі тәсілде қолданылуы жағымды жағдайда (жоғарғы табыс ПА және жоғарғы табыс қоры) күнделікті проценттік төлеулер әдісі қолданылуы мүмкін. Орташа (әлсіз) нәтижелі қор қызметімен ПА-да акциямен төленетін дивиденттер әдісі қолданылуы мүмкін. Сонымен бірге дивиденттік саясатты ЖЗҚ-ы қаржы менеджментінде келесі принциптермен басшылық етуі қажет:

1) зейнетақы қорының табысы негізгі өзінің бөлігінен зейнетақы активтерінің инвестициялық табысына және зейнетақы жинақтарындағы комиссиялық сыйақыға қатысты. Олар өз кезегінде зейнетақы активтерінің нәтижелі басқаруына қатысты болып келеді. Олардың нәтижесі пруденциалдық нормативтерді инвестициялаумен нарықтағы қаржы құралдарының ұсыныстарына байланысты. Сол уақытта қаржы менеджменті үшін басты тапсырма минималды салық салу, себебі салық салу табысы жоғары болған сайын корпоративтік салықта жоғары болады;

2) дивиденд түрінде төленетін табыс екіншісі болып табылады. Кейбір жағдайда меншікті қоржынның негізгі көзі инвестициялық қор болып табылады;

- ЖЗҚ-ғы меншікті капиталдың нәтижелілігін зейнетақы нарықтағы жалпы нарықтық нәтижелілікпен салыстыруды қажет етеді, ол ЖЗҚ-ы қаржы менеджерінің тек нәтижесі жағынан қарастырмайды, сонымен қатар нарықтағы болашақ жағынанда қарастыруға мүмкіндік береді.

Корпоративтік капиталдың басқару құны мен ЖЗҚ үшін енгізілген корпоративтік басқару принциптерін - қорғауға қойылған позициялар санына жатқызылады, себебі қаржы менеджментіне ұсыныстар енгізілді.

Отандық қаржы менеджменті практикасының капитал баға құны көбінесе бизнес жоспар процесіндегі сыртқы қарыз алумен анықталу қажет. ЖЗҚ-ның функцияларының ерекшеліктеріне байланысты мүмкін емес қарыздарды және олардың баға құнын анықтап орналастыру үшін өте маңызды:

- оның нарықтағы рөлі;
- салымшылардың қорынан алынатын тура көлемді комиссиялық сыйақысы;
- топ менеджерге төлеулер жатады;
- инвесторлар зейнетақы қорына азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ететін процесске қатысатын компаниялар секілді капитал құнын белгілейді;

Оқып үйренген теориялардың ішінен келесілерді белгіледік:

- Ю.Бригхэм мен М. Эрхард теориясы бойынша, оған салынған қаражаттарды инвестордың алуын болжайтын табыс сомасын компания құны негізгі макродеңгейдегі капитал бюджеттелуі мен есептелуіндегі негізгі факторларға сәйкес бағаланады. Көзқарасымыз бойынша қызығушылық тек макродеңгейде ғана емес, сонымен микродеңгейдеде көрсетіледі:

- Д.Уэллстің оқытылуында, бағаланбаған акциялар қаражаттарының тартылмауын білдіреді, сондықтан қосымша эмиссияны қажет етеді;

- Миллер және Рок теориясында акция немесе облигация эмиссиясы жағымсыз болғанда, барлық төлемдерінің түрлері белсенді қарастырылады. Берілген модельге қызығушылық болып, қазақстандық шарттарда қолдануы мүмкін;

- Е.Стоянованың теориясы бойынша, капитал құны жаңа инвестициялаудың перспективасын бағалау мақсатында анықталады. Капитал құнының жоғары болуы және құралдарының шектеулілігі жағдайында оны қолдану мүмкіндігін кеңейту үшін қолданылады.

Осылайша, корпоративтік капитал құнын есептеу моделі мыналарға негізделеді:

- Ю.Бригхэм мен М.Эрхард теориясы капитал құнын бағалау ЖЗҚ-ның меншікті капиталының тиімділік көрсеткішін есептеу негізінде жүргізіледі;

- Миллер және Рок теориясы құнды бағалау қормен жүргізілетін дивиденд төлеулерінің салыстыру мен оның капитал құнына әсері арқылы жүргізіледі.

Бұл теорияларды қолдану ЖЗҚ-ы корпоративтік капиталын есептеу кезінде қордың меншікті активтерін талдау негізінде алынған.

Сонымен қатар, зерттеу барысында капитал құнын бағалау теориясының маңызды ерекшелігінде ғалымдар капитал құны мен капитал құрылымы ұғымдарын бірлестіріп анықтады. Капитал құны оның құрылымы емес, оның табыстылығы деп бағаланады.

Қазақстандық зейнетақы қорының қаржы менеджерінің нәтижелілігін арттырудың маңызды факторы корпоративтік басқарудың принциптерін қолдану болып табылады. Кестеде 2-де көрсетілген корпоративтік басқарудың типтерін талдау нәтижелері, олардың айырмашылығы қаржыландыруды ұйымдастыру мен ақша ресурстарын тарту жағдайларына қатысты екенін көрсетті.

Корпоративтік басқарудың принциптерінің ерекшелігі – нақты кәсіпке қолданылатын корпоративтік басқару мен оның құрылымын көрсету болып табылады. Корпоративтік капитал актив құрылымын және қазақстандық зейнетақы қорының қызмет ету ерекшелігін ескере отырып, ЖЗҚ-ның басқарылуы қорының корпоративтік басқару принциптеріне сай құрылуы керек.

Шетел мемлекетінің зейнетақы жүйесі мен оның қаржы менеджментінің ерекшелігін талдау ЖЗҚ-ы қаржы менеджерлерін қалыптастыру үшін маңызды қорытындылар берді. Осылайша, отандық ЖЗҚ-ның қаржы менеджерлерін жетілдіру мақсатында шетел мемлекетінің зейнетақы жүйесінің келесі жағымды жақтарын қолдануға болады:

- Жапонияда бір уақытта 3 жақ (мемлекет, сақтандырушы (болашақ зейнеткер) және жұмыс беруші) қатысатын жинақтаушы зейнетақы сақтандыру тетігі қызмет етеді. Бұл қазақстандық ерікті және ерікті кәсіптік зейнетақы қамсыздандыруға ұқсайды, айырмашылығы тек оларда міндетті әлеуметтік сақтандыру бар зейнетақымен қамтамасыз етудің бұл формасының дамуы, ең алдымен, зейнетақы активтерінің қорының басқару жолдарын өзгертуге мүмкіндік береді;

- Жапонияда зейнетақы пособиясы қолданылады. Ол сақтандыру қорынан зейнеткерлікке шыққан әр жұмысшыға беріледі. Сақтандыру қорының қалыптасуы кәсіпорын қаражаттарынан іске асады. Бұл сақтандыру қоры инвестициялық табыс пен зейнетақы активтерінен төленетін комиссиялық сыйақы саласының төмендеу нәтижесінде құрылуы мүмкін. Осылайша, ЖЗҚ-ы өз табысына салықты жеңілдетіп, өзіне көп салымшы тарта алады;

- Чили моделінде азаматтардың зейнетақы жинақтарының әр түрлі формасы төленеді. Бұл модельге негізгі қызығушылықты зейнетақы шотынан алынған тұрақты сомасын реттеуге болатын қосарлы жүйе тудырады;

- Неміс моделі азаматтарды тұрақты еңбекқорлыққа ынталандыратын әлеуметтік көмектесу жүйесіне қатысты шаралар жиыннын тұрады.

Талдау Қазақстандық ЖЗҚ-ын даму тұрақтылығына қарай келесі топтарға бөлдік:

- Қарқынды дамитын - оларға зейнетақы активтерінің тұрақты өсімі мен зейнетақы қызметтерінің нарығындағы үлесі тән. (АҚ «ЖЗҚ Халық Банк» және АҚ «ЖЗҚ БТА Қазақстан»);


- Өсу қарқыны біртіндеп төмендейтін - бұл топтың қорлары әр түрлі субъективті және объективті себептерге байланысты нарыққа қатысуын біртіндеп азайтады. («МЖЗҚ», ЖЗҚ «Ұлар Үміт», ЖЗҚ «Грантум», ЖЗҚ «Сенім», ЖЗҚ «ҚазақМыс»);

- Дамушы қорлар - бұл қорлар нарықта 1-4% көлемінде үлесін алады. Дегенмен олар нарыққа қатысуын кеңейтеді. (ЖЗҚ «Атамекен», ЖЗҚ «Капитал», ЖЗҚ «Отан»).

Жүргізілген қаржы нарығы позициясының классификациясы зейнетақы нарығын талдау нәтижесінде алынған басқа да қорытындылармен дәлелденеді.

2005жылғы зейнетақы нарығы зейнетақы активтерінің салымдарын ұлттық валютадағы активтерге бағыттау арқылы жалпы ахуалды тұрақтандырады. 2006 жылы зейнетақы активтерін инвестициялау ережелеріне енгізілген өзгерістерге байланысты зейнетақы қорлары

нарықтағы өз позициясын нығайтты және инвестициялық табыстың өсуін арттырды. Дегенмен, бұл ахуал барлық қорларға қатысты болмады. Осылайша, қазақстандық зейнетақы қорының көрсеткішінің өсу қарқыны 2004-2005 жылдан бастап алға шықты. Алайда, зейнетақы нарығындағы жалпы ахуал нарықтың қайта құрылуы мен нәтижелілігінің өсуіне ықпал ететін қаржы менеджменттің сапасы мен деңгейін арттыру қажеттілігін көрсетіп отыр. Екінші позиция үшін ЖЗҚ меншікті активтердің қаржы менеджменттің келесі бағыттары қолданылады (сурет -1).



Сурет 1 - ЖЗҚ меншікті активтерінің қаржы менеджментінің пирамидасы

Бұл пирамида активтің жалпы құрылымындығы жеке активтердің приоритеттік принципке байланысты құрылды. Бұл топтың әрбір нақты бағыты бойынша келесі ұсыныстар жасадық:

1-ші бағыт үшін - әрбір жақтың келіспеушілігінің болдырмау мақсатында меншікті актив пен зейнетақы активтері үшін қордың инвестициялық декларациясының қажеттілігі; РЕПО операциялары қордың инвестициялық декларациясымен тәуекелдерді басқару жүйесін есепке ала отырып, жүргізілуі керек;

2-ші бағыт бойынша ЖЗҚ-ның кастодиандық банкпен өзара есептеуін ішкі бухгалтерия жұмысын ерекше бақылау ұсынылған. Айналымнан тыс активтерді басқаруда активтердің имобильдік коэффициентінің (айналымнан тыс активтердің қор активтеріне қатынасы), меншікті капитал имобильділігінің коэффициенті (меншікті капитал есебінен негізгі құралды инвестициялау), тозу коэффициенті (айналымдағы тыс активтердің бастапқы құнымен тозу құнының қатынасы) және жинақтардың қор сыйымдылық коэффициенті қарқынымен тұрақтылығын ерекше бақылауды талап етеді.

Көрсетілген мәліметтерде зейнетақы нарығының субъектілері үшін меншікті капиталдың да, активтердің де имобильділік коэффициенті

жоғары болмауы керек. Дегенмен қорытындылай келгенде айналымдағы тыс активтермен мен қорлар және инвестициялардың мөлшері зейнетақы жинақтарына тәуелділігін айқын көрсетеді. Егер «Халық банкінің ЖЗҚ» АҚ көрсеткіштері активтердің имобильділігі мен меншікті құралдардың барлық салалары бойынша орташа көрсеткіштердің қаншалықты жақындығын, сонымен қатар ол өте төмен коэффициент қорының негізгі жинақтаушы зейнетақы қорын көрсетеді. ЖЗҚ-ы «Капитал» нарықта өзінің жастығына қарамастан зейнетақы қорының тұрақты өсуі мен активтердің имобильділігінің орташа деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар «Халық банкі ЖЗҚ» АҚ-ына қарағанда оның активтерінің қызмет етуі 2004 жылы – 4 есе, 2005 жылы - 2.5 есе, 2006 жылы - 1.7 есе көп. Көрсетілген талдау бойынша қаржы менеджері оның негізгі нормативтеріне қарай отырып К3 және К4 тұрақты көрсеткіштер түрін немесе есептеу нормативтерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зейнетақы қорларындағы қаржы менеджментінің жетілуіне байланысты зейін қойып жасалған ақпараттық пулдың сапасына қаржылық талдау жүргізіледі, болжаулар мен қаржылық шешімдер қабылданады. Мұнда маңызды қорытынды қабылданды: бақылаулар мен статистикалық органдардың мәліметтерінде ЖЗҚ-ы қызметтерін кең көлемде көрсетеді. Дегенмен, кейбір көрсеткіштер ЖЗҚ-ы туралы толық ұсыныстар алуға мүмкіндік бермейді. Мысалы, зейнетақы активтері зейнетақы жинақтарымен маңызы жағынан дәл келеді, сондықтан бір салымшының зейнетақы жинақтау көрсеткішін мақсатты білу керек. Ақпараттық технология дамыған ғасырда ЖЗҚ-ның көпшілік бөлігінде жақсы жұмыс істейтін Интернет сайттар жоқ, ал кейбір жасайтын сайттарда ақпарат шектеулі және таңдаулы болып келеді [60,б.12].

Қаржы менеджменті процесінде жетік дамыған және Қазақстанның зейнетақы нарығында жүзеге асатын маркетингтік стратегия қорына байланысты шығындарға ерекше көңіл бөлу қажет. Бұл тиісті көрсеткіштердің талдауын өткізу арқылы өрнектеледі. Мұндай көрсеткіштерге мыналарды жатқызамыз:

- берілетін маркетингтік шығындардың коэффициенті (Зейнетақы активтерінен алынған маркетингтік шығындардың комиссиялық сыйақысының мөлшерлемесіне сәйкестігі);
- маркетингтік шығындардың коэффициенті (жалпы қор шығындарының көлеміне маркетинг шығындарының сәйкестігі);
- Сәйкестік коэффициенті (таратылмалған қордың табысының өсу қарқыны маркетингтік шығындардың өсу қарқынының қатынасына сәйкестігі).

Осы көрсеткіштерді есептеуге мүмкіндік беретін ақпарат болмағандықтан, олардың есептеуі бойынша ұсыныстар жүргізіледі. Алайда, олардың есептеуінен алынған нәтижеде, ол нарықта қаржы менеджментінің тиімділігінің жоғарылатуының позициясынан ғана емес, сонымен бірге маркетингтік басымдылықтар позициясынан да пайдалы болады. Қаржы менеджменті қорының негізгі функциясының бірі болып қаржы менеджментінің корпоративтік қоры анықталды. Бұл оның құрылымы және қордың активтерінің құрылымы талдаудың нәтижесінде алынған қорытындылармен расталған. Бұл екі көрсеткіштердің тығыз байланыстылығын анықтау арқылы қаржы менеджменті процесінде құнын анықтайтын корпоративтік капиталдың маңызды этапқа шыққанын көреміз. Басқа жағдайда, мұндай менеджмент қордың меншікті активтерінің инвестициялық портфелі кәдімгі қаржы талдауына және басқаруға апарарды. Компаниядан берілетін инвестициондық құн тәртіп бойынша инвесторға барлық оның жоспарымен, жоғары бағалауымен, салық ерекшеліктерімен, синергетикасымен және шектеуліктердің құнына сәйкес қарастырылады. Бірлескен капиталды инвестициялық және әділ құнның аралығында айырмашылықтарды анықтау және оны талдау барысында жүргізілді. Алынған қорытынды бойынша сыртқы ақпаратты қолданушылар мен салымшылар зейнетақы қорының жағдайын және зейнетақы жинақтарының дәлдігі мен сақталуын бағалауға мүмкіндік береді.

ЖЗҚ-ы акционерлері зейнетақы жинақтау қоры қызмет көрсету көлемінің өсу есебінен олардың салынған қаражаттарынан табыс алуды көздейді, соның нәтижесінде зейнетақы активтерінің табыстылығы негізінде меншікті капитал құнын есептеу моделін құрастырады. Формулаға сәйкес есептеулер келесі қорытындыларды алуға мүмкіндік берді.

Кесте 2 – ЖЗҚ-ы корпоративтік құнын есептеудің 1 қаңтар 2007 жылғы моделі.

ЖЗҚ	ОС, мың тенге	K2,бірлік	P, мың тенге	S _c ПА, %
АҚ ЖЗҚ Халық Банкі	2828734	16,01	1384748	7,84
АҚ ЖЗҚ Атамекен	403406	11,96	87188	2,58
АҚ ЖЗҚ БТА Қазақстан	1517892	33,33	422027	9,27
АҚ ЖЗҚ ВалютТранзит-Фонд	490012	3,98	55401	0,45
Зейнетақы нарығы	11932605	13,75	4022127	4,63
Ескерту - Қаржы есебінің мәліметі бойынша құрастырылған [25,32,33,33]				

Талдауда көрсетілгендей ең жоғарғы көрсеткіштерді АҚ «ЖЗҚ Халық Банкі» мен АҚ «ЖЗҚ БТА - Қазақстан» көрсетеді, себебі зейнетақы нарығының құнының орташа деңгейінен 1,7 және 2 есе өсірді. Егер инвестор ақша қаржатын зейнетақы кәсіпкерлігіне салу туралы шешім қабылдайтын болса, онда ол өзінің салынған қаражатынан 4,63% көлемінде табыс алады.

Соған байланысты жалғыз инвестор тек акционерлік капиталдың инвесторы бола алады, себебі корпоративтік капиталдың құны оларға тиесілі акцияларының талаптарының табысымен анықталады. Осылайша, егер басқа компаниялар үшін капитал құны орташа өлшемдегі әр түрлі құнмен құрылатын болса (Weighted Average Cost of Capital - WACC), ал ЖЗҚ үшін акционерлік капитал құны есептелінеді (Cost of the Share Capital - CSC). Осыған байланысты CSC ерекшеліктерін Қазақстандық ЖЗҚ-ы үшін анықтадық. Олардың санына CSC-ке қатысты мемлекеттік реттеу қызметтерін елдегі ЖЗҚ-ға қостық. Бұл берілген көрсеткіш бүкіл әлемде бірдей қолданылуын білдірмейді, себебі ол алдымен, зейнетақы активтерінің ЖЗҚ-да көрсетілген қызметтерінің табыстарына қатысты. Қазақстандық ЖЗҚ-на қойылған шектеуліктері қаржы тетігіндегі артықшылықтары мен салықтағы артықшылықты пайдалану мақсатында көлемді табысты алдын-алуға қолданылмайды.

Отандық ЖЗҚ-дағы корпоративтік капиталдың барлық қорын 2 топқа бөліп көрсетуге болады: банктік және банктік емес. Бұл топтың ішінде біз дивидендтер төлеу позициясымен, дивиденд төлеуді орындайтын және төлеуді орындамайтын қорын қарастырамыз. Бұл екі әдістердің CSC-тың есептеуінің қажеттілігіне себепші болды: бірінші – формула бойынша (1) және екіншісі – акционерлік капиталдың инвестициялау есебінің тиімділігі. Жүргізілген талдауда ЖЗҚ капиталының құнын есептеу кесте 1-де көрсетілген, ол ЖЗҚ-ы үшін көп мөлшерде қолданысқа жіберілген әдісін бағалау құны ЖЗҚ-ы үшін бағалау және CSC (ROE) арқылы салыстыру әдісі зейнетақы активтерінің негізгі табысының қолданылуын қорытындылауға мүмкіндік береді. Қосымша корпоративтік капитал құнын талдау факторларын анықтауды жүргіздік. Құрылған дискреттік факторлық моделі айқындалып, барлық анықталған факторлары қаржылық менеджмент ұйымының Қазақстандық ЖЗҚ-ның бірінші деңгейін көрсетеді. Осы факторларды есепке алу қордың бірлескен капиталын басқаруды бүтіндік үлгінің құрастыруымен бұл факторлардың ықпалынан сүйене қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Көрсетілген дискреттік факторлық жүйе (сурет 2), белгіленген уақытта жақсы жасап біткен нәтижелілік қаржы менеджмент қорының талдау механизмі болып табылады.

Функционалдық жинақтаушы зейнетақы жүйесі оның нормативтік-құқықтық базасы жылдар бойы бірнеше рет өзгертілді, сонымен қатарында зейнетақы активтерді инвестициялау. Алайда, азаматтардың зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін қайтадан қалыптастыру жетістіктеріне қарамастан нормативтік құқықтық базаларын құру және техникалық инфрақұрылымды зейнетақы активтерді инвестициялау құрылымдық базасын дамыту аймағындғы көптеген мәселелер және қаржы менеджменттің өзіндік қорларын дамыту дәрежесі әлі күнге дейін шешілмей отыр. Инвестициялық бағыттардағы активтерді орналастыру зейнетақылық аударымдырды көңіл бөлетін негізгі мәселе болып саналады. Сондай-ақ жалпы зейнетақылық салымшылар көлемі салымшылардың жастық ерекшелігіне қарай мынадай классификацияға жіктеледі:

- б) 35 жасқа дейінгі салымшылар;
- 7) 40 пен 50 жыл арасындағы салымшылар;
- 8) 50 жастан кейінгі салымшылар.

Бұл зейнетақылық жинақтарға бірінші топ салымшылары үшін қаржылық құралдар 40 жыл ішінде инвестициялайды. Ал екінші топ үшін 15 жыл мен 20 жыл аралығында, үшінші топ үшін 15 жылдан төмен қамтамасыз етіледі. Көзқарас бойынша активтер инвестицияланған қаржылық құралдар анағұрлым көп мөлшердегі ақшада ұзақ мерзімді инвестицияланған қаржылық құралдар, активтер анағұрлым қолайлы инвестицияланады. Бұл ұзақ мерзімді инвестицияда жинақталған инвестициялық табыстың анағұрлым көлеміне және зейнетақы қорының қоржыны тәуекелдікке жол берілмейді. Қоржынның екінші типі үшін жеткілікті консервативтік агрессивтік саясатқа сәйкес келетін элементтерді инвестициялық табыстың көлемді дәрежесіне жету үшін саясатты қайтадан қалыптастыруды ұсынамыз. Үшінші типтегі қоржынды қолдану үшін агрессивті және табысты тәуекелді саясатты қолдануға болады. Бұл мұндай қоржын инвестициялық қоржынның жалпы көлемінің 5% ғана орын алады. Алынған нәтижелерден қоржынның меншікті табысы арқылы жаба алады. Алайда салыстырмалы түрде аз уақытқа инвестиция салу осы топтағы салымшыларға жоғарғы инвестициялық табысты қалыптастыруға жол бермейді. Демек, қалыпты зейнетақыны күтуге тура келеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерде Қазақстандық ЖЗҚ қаржылық менеджменттің дәрежесін көтеруге бағытталған шаралардың жиынтығы туралы айтылған.

ГЛОССАРИЙ

Акция – акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысуға, ол бойынша дивиденд және акционерлік капиталына қатысатын және иеленушісіне қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз. Акциялар тек атаулы эмиссиялық бағалы қағаздар ретінде шығарылады.

Ақша – сатып алу – сатуда құн өлшемі болып табылатын және тауарларды айырбастау кезінде жалпы ортақ балама ролін атқаратын металл немесе қағаз белгілер, ерекше тауар.

Аннуитет – дүркін-дүркін төленетін ақшалай сома (жарна, рента немесе табыс). Сақтық ісінде ол рентаны немесе зейнетақыны сақтандыру жөніндегі төлемдердің шамасын көрсетеді.

Аудит – аудиторлардың келісім-шарт негізінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің бухгалтерлік есептемесін, төлем-есеп айырысу құжаттамаларын, салық мағлұмдамаларын және басқа қаржылық міндеттемелерін ведомстводан тыс тәуелсіз тексерулерді жүзеге асыру жөніндегі кәсіпкерлік қызмет түрі.

Бағалы қағаздар – иеленушілеріне мүліктік құқық және белгілі бір ақшалай сома алуға құқық беретін ақша немесе тауар құжаттары; мүліктік құқықты куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілердің жиынтығы. Бағалы қағаздарға акциялар, облигациялар және бағалы қағаздардың заңнамалық актілерімен айқындалған өзге де түрлері жатады.

Банкроттық – қаржылық күйреу, жұтау, жоспардың күйреуі.

Бизнес – пайда беретін экономикалық қызмет; баюдың көзі болып табылатын табыс әкелетін кез-келген қызмет түрі (іс, кәсіп, кәсіпкерлік және басқалары).

Бонус – жер қойнауын пайдаланушының тіркелген төлемдері, жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшартта белгіленген мөлшенде және тәртіппен ақша нысанында төленеді.

Бюджет – мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін іске асыруды қаржымен қамтамасыз етуге арналған ортақтандырылған ақша қоры.

Бюджет жүйесі – бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік поцестер мен қатынастардың жиынтығы.

Бюджеттік жоспарлау – жоспарланып отырған кезеңге арналған бюджет түсімдерінің көлемін және басымдықты ескере отырып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму міндеттеріне сәйкес оларды пайдалану бағыттарын айқындау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу процесі. Бюджет бір қаржы жылына жоспарланады.

Бюджеттік инвестициялар – экономикалық пайда табу немесе әлеуметтік-экономикалық тиімділікке жету мақсатымен мемлекет активтерінің құнын ұлғайтуға, адами ресурстарды дамытуға және табиғи ресурстарды жаңғыртуға бағытталған қаржыландыру.

Грант - мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, қызметі қайырымдылық және халықаралық сипатта болатын және Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін, мемлекеттік органдардың қортындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбеге енгізілген шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар мен қорлар – Қазақстан Республикасына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, заңи тұлғаларға, сондай-ақ жеке адамдарға; шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар - Қазақстан Республикасына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгілі бір мақсаттарға жету үшін өтеусіз негізде беретін мүлік; донорлардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарына беретін өтеусіз қаржылық немесе техникалық көмегі.

Диверсификация – зейнетақы активтерінің жоғалып кету қатерін азайту мақсатында оларды уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес қаржы құралдарына орналастыру.

Еркін экономикалық аймақ – шетелдік және ұлттық кәсіпкерлер үшін ерекше жеңілдікті экономикалық жағдай қолданылатын ерікті экономикалық аймақ.

Жалпы ұлттық өнім – кеңінен таралған макроэкономикалық көрсеткіштердің бірі, ол елдің бір жыл бойына өндірілген түпкі өнімінің нарықтық бағамен есептелген құны болып табылады. ЖҰӨ -ге осы елге тиесілі өндіріс факторларын пайдалана отырып ел ішінде де, шет елде де жасалған өнімнің құны кіреді. ЖҰӨ қосылған құндарды жиынтықтау әдісімен, шығындар ағыны және кірістер ағыны әдістерімен есептелуі мүмкін.

Жалпы ішкі өнім – аса маңызды микроэкономикалық, жалпылама көсеткіштердің бірі, ол осы елдегі де, сондай-ақ басқа елдердегі де өндіріс факторларын пайдалана отырып, ел ішінде бір жыл бойына жасалған түпкі өнімнің нарықтық бағамен есептелген жиынтық құнын білдіреді.

Зейнетақы төлемдері – орталықтан – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жай күйі бойынша кемінде алты ай еңбек өтілі бар жеке адамдарға заңдарда белгіленген тәртіппен еңбек өтіліне бара-бар түрле жүзеге асырылатын ақша қаражатын төлеу.

Инвестициялар – лизинг шартын жасаған кезден бастап лизинг заттарын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңи тұлғаның жарғылық капиталына инвестор салатын мүліктің барлық түрлері немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланатын тіркелген активтерді ұлғайту.

Кастодиан – бағалы қағаздар нарығының қаржы құралдарының және клиенттер ақшасының есебін алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, клиенттердің құжатты қаржы құралдарының сақталуы жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдай отырып оларды сақтауды жүзеге асыратын кәсіби қатысушы болып табылады.

Қазынашылық міндеттеме – ерікті негізде халық арасында таратылатын мемлекеттік бағалы қағаздардың түрі, ол иелерінің ақшалай

қаражатты бюджетке аударғанын куәландыратын және осы бағалы қағаздарды бүкіл иелену кезеңінде тіркелген табыс алуына құқық береді.

Қаржы – ақша қаражатын, қаржы ресурстарын олардың жасалуы мен қозғалысы, бөлінісі мен қайта бөлінісі тұрғысынан алып қарайтын, сондай – ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы өзара есеп айырысуларға, ақша айналысына байланысты туындайтын экономикалық қатынастарды білдіретін қорытындылаушы экономикалық термин.

Қаржы жүйесі – белгілі-бір қоғамдық-экономикалық формация шеңберінде өмір сүретін қаржы қатынастары мен қаржы мекемелерінің жиынтығы, тар мағынада – мемлекеттің қаржы мекемелерінің жүйесі.

Қаржы ресурстары – мемлекеттің, кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың қарамағындағы ақша қаражаты мен қорларының жиынтығы, қоғамдық жиынтық өнім мен ұлттық табысты қайта бөлу барысында құрылады.

Қаржыландыру – ұлттық шаруашылықты дамытуға, әлеуметтік-мәдени шараларға, қорғанысқа және басқа қажеттерге жұмсалатын қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету, кәсіпорындардың, бірлестіктердің меншікті қаражаты, мемлекеттік бюджеттен және басқа көздерден бөлінетін қаржы есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік баж – уәкілдік берілген мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-қимылдар жасағаны үшін және құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлем.

Мемлекеттік борыш - Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің борышына немесе мәслихаттардың шешімдерімен жергілікті атқарушы органдардың борышына жатқызылған алынған және өтелмеген мемлекеттік қарыздардың белгілі бір күнге, сондай-ақ борыштық міндеттемелердің белгілі бір күнге сомасы.

Облигация – шығару кезінде айналыс мерзімі алдын-ала белгіленген, оны шығару шарттарына сәйкес облигацияны шығарған тұлғадан ол бойынша сыйақы алу және оның айналыс мерзімінің аяқталуы бойынша облигацияның ақшалай немесе өзге де мүлкітік балама түріндегі нақты құнын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз.

Пруденциялық норматив – жинақтаушы зинетақы қорының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген экономикалық талаптар.

Республикалық бюджет – салықтық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылған және орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомствалық бағынышты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржымен қамтамасыз етуге және мемлекеттік саясаттың жалпыреспубликалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры.

Сақтандыру – сақтық ұйымы өз активтері есебінен жүзеге асыратын сақтық төлемі арқылы сақтандыру шартында белгіленген сақтық жағдайы немесе өзге де оқиғалар туындаған кезде жеке немесе заңи тұлғаның мүдделерін мүліктік жағынан қорғауға байланысты қатынастар кешені.

Секвестр – бюджет қаражаттарын жұмсауға белгілі бір шектерде тиым салуды көздейтін арнайы тетік, ол бюджетті атқару кезінде бекітілген бюджетке түсетін түсімдер қысқартылған, соның нәтижесінде бекітілген бюджеттік бағдарламаларды толық көлемде қаржыландыру мүмкін болмайтын жағдайда енгізіледі.

Ұлттық қор - Қазақстан Республикасының Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі шотында шоғырландырылған, мемлекеттің қаржылық актив түріндегі, сондай-ақ материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге де мүлік түріндегі активтері.

Хеджерлеу – коммерциялық және валюталық қатерден сақтандыру, оның мәні нақты тауарды ұқсас мерзімге сатумен бір мезгілде фьючерстік келісімшарттарды сатып алуға және тауарды нақты жеткізу мерзімі басталғаннан кейін кері операция жүргізуде.

Эмиссиялық бағалы қағаздар - бір шығарылым шегінде осы шығарылым үшін бірдей жағдай негізінде орналастырылған және айналымда болатын, біртекті белгілері мен реквизиттері бар бағалы қағаздар.

Эмитенттер – қолданылып жүрген заңдарға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыратын заңи тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Теплова Л.В. Финансовый менеджмент. – М.: ЮНИТИ - 2001. - 14,210,295с.
2. Ковалев В.В. Основы финансового менеджмента. – М.: Финансы и статистика. – 2007. – 5,420с.
3. Хорн Дж.Ван. Основы управления финансами. – М.: Финансы и статистика. 1997. - 12,28,414,449с.
4. Мельников В.Д. Основы финансов. – ТОО LEM, 2005. – 174,320с.
5. Бригхэм Ю., Эрдхардт. Финансовый менеджмент. – СПб.: Питер - 2005. – 440,452,521с.
6. Коупленд Т., Колер Г., Мулин Дж.. Стоимость компании: оценка и управление. – М.: Олимп-бизнес, 1999.- 92,295с.
7. McCafferty J. What Acquiring Minds Want to Know/CFO.: February TEM.- 1999. - P.8.
8. Стоянова Е. Финансовый менеджмент. – М.: Перспектива, 2001.- 247,240,257,424с.
9. Брейли Э. Финансовый менеджмент. – М.: ЮНИТИ, 2005. – 512,561,670с.
10. Котлер Ф. Основы маркетинга. – Прогресс,1992, -258,330с.
11. Брейли Р., Майерс С. Принципы корпоративных финансов/ пер. с англ. – М.: ЗАО Олимп-Бизнес, 1997. - 429,612,640с.
12. Бригхэм Ю., Гапенски Л. Финансовый менеджмент. Полный курс: в 2-т/ пер.с англ. – СПб.: Экономическая школа, 1997. – 403,460с.
13. Закон РК. О пенсионном обеспечении в РК принято 20.06.1997.
14. Умбетов А. Накопительная пенсионная система Казахстана//РЦБК. - 2000.- № 5. – 21-24с.
15. Ли Г.Ф., Финнерти Д. Финансы корпораций: теория, методы и практика. – М.: Инфа – М., 2000. – 72,478с.
16. Формирование системы корпоративного управления в развивающихся, зарождающихся и переходных экономиках//РЦБК. – 2002. - №5. - 9-10с.
17. Шалгимбаева Г. Типы корпоративного управления//РЦБК. - 2005. - №1. - 35-39с.
18. PRINCIPLES DE GOUVERNEMENT D'ENTREPRISE DE L'OCDE, OECD PUBLICATIONS. - 2, rue Andre-Pascal. – PARIS.: OECD, 1999. P.35-41
19. www.oecd.org

20. Игликов И. Инвестиционный потенциал финансовых институтов Республики Казахстан: состояние и перспективы// РЦБК. – 2005. - №2. - 38-42с.
21. Елубаева М. Пенсионные системы// Каржы-Каражат. – 1999. - №4 10-14с.
22. www.afn.kz
23. Ахметова Ж. Неутешительные итоги 2004 года// Деловая неделя. - 2005. - № 3(63). - 6с.
24. www.bbcnews.com
25. Ли В.Г. Методологические принципы формирования доходности пенсионных фондов: материалы МНПК «10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития». – Алматы.: Университет Кайнар, 2001.- 67-69с.
26. «О трансформации пенсионных систем»// РЦБК. - №11. – 18-22с.
27. Маршал Дж.Ф., Бансал В.К. «Финансовая инженерия: Полное руководство, по финансовым нововведениям». – М.: Прогресс, 1998.- 118,290с.
28. www.nationalbank.kz
29. Балабанов В.С. Основы финансового менеджмента. М.: ФиС. 2002. С.67
30. Постановление Правления Агентства по регулированию и надзору финансовой) рынка и финансовых организаций Инструкция о нормативных значениях пруденциальных нормативов, методике их расчетов для НПФ: принято 27 октября 2006, №222
31. Постановление Правления Агентства по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций Инструкция о нормативных значениях пруденциальных нормативов, методике их расчетов для ООИУПА: принято 27 октября 2006, №223
32. Годовой отчет АО НПФ Народного банка Казахстана за 2006 год
33. Годовой отчет АО НПФ БТА-Курмет за 2006 год
34. Годовой отчет АО НПФ Атамекен за 2006 год
35. Бирман Г., Шмидт С. Экономический анализ инвестиционных проектов// Банки и биржи. – М.: ЮНИТИ, 1997. – 106,176с.
36. Шеремет А.Д., Негашев Е.В. Методика финансового анализа. - М.: ИНФРА-М.- 2002. -19,56,180с.
37. Бернстайн Л.А. Анализ финансовой отчетности: теория, практика и интерпретация// пер. с англ. - М.: Финансы и статистика, 1996. - 178,306с.
38. Баканов М.И., Шеремет А.Д. Теория экономического анализа: Учебник. - М.: Инфра, 2003.- 67,88,320с.

39. Шарп У., Александр Г., Бейли Дж. «Инвестиции». - М.: Перспектива, 1998.
40. Егерев И.А. Стоимость бизнеса. Искусство управления.- М.: Издательство ДЕЛО, 2003.- 37,180с.
41. Гранатуров В.М. Экономический риск: сущность, методы измерения, пути снижения: учебное пособие.- М.: Дело и Сервис, 1999. – 176с.
42. Абдрахманова Г.Т. «Финансовые риски в экономической деятельности компаний». – Алматы, 2004. – 18,36с.
43. Глушенко В.В., Глушенко И.И. Финансы. Финансовая политика, маркетинг, менеджмент. Финансовый риск-менеджмент. - г.Железнодорожный.: ТОО НПЦ Крылья, 1998. - 124,175с.
44. Морозов Д. Страхование как инструмент управления проектными рисками. – М.: Страхование дело, 1998. - № 10. – 21с.
45. Годовой отчет АО НефтеГазДем за 2004г., 2005г., 2006г// НПФ
46. Абдрахманова Г. «Аргументы в пользу применения опционов при операциях хеджирования»//Аль-Пари. – 2002. - №6. – 14-17с.
47. Тулегенова Е. В развитие гидроэнергетики могут быть привлечены средства НПФ// Панорама. - 2005, январь - 21. – 2с.
48. Додонов В.Ю. Портфельный менеджмент на развивающихся фондовых рынках. – Алматы, - 2003. – 16,184с.
49. Алехин Б. Риск и неопределенность в бизнесе. - М.: Знание, 1998.- 136с.
50. Фабоцци Ф. Управление инвестициями.- М.: Импульс, 2000. – 540с.
51. Капитан М. Классификация рискованности инвестиционных фондов: опыт Италии. <http://www.cic.ru/analysis/risk/index.html>.
52. Постановление Правления Агентства по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций. Инструкция о нормативных значениях пруденциальных нормативов, методике их расчетов для СК: принято 27 октября 2006, №225
53. www.afk.kz
54. Сообщение информационного агентства «Интерфакс-Казахстан» от 26.01.05г.2005, январь - 26
55. Дрозд Н. «Минфин скептически относится к идее использования проектных облигаций как к возможности решения проблемы инструментов для пенсионных фондов» // «Панорама». – 2004, ноябрь – 19.
56. Рубцов Б.Б. Зарубежные фондовые рынки. - И.: Иифра - М. - 1998
57. Годовой отчет АО НПФ Капитал за 2006.

58. Ли В.Г. Применение методов управления реструктуризации и иммунизации портфельных инвестиций: материалы МНПК посвященной году культуры в Казахстане. – А.: Экономика. – Ч. 4, 2000. – 24-26с.

59. Каржаубаева О.Ж. Финансовый менеджмент функционирования пенсионного фонда// Аль-Пари. – 2007. - №1. - 97-100с.

60. Галиева Д. Лучше журавль в небе, чем синица в руках// Ценные бумаги. – 2006. - №10. – 12-14с.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
ТАҚЫРЫП 1. Зейнетақы қорларының қаржылық менеджментінің теориялық негізі.....	4
ТАҚЫРЫП 2. Зейнетақымен қамтамасыз ету және ұйымдастырудағы қаржылық менеджменттің шетелдік тәжірибесі.....	23
ТАҚЫРЫП 3. Жинақтаушы зейнетақы қоры –Қазақстан қаржы нарығының жетекші институттары.....	33
ТАҚЫРЫП 4. Зейнетақы қорларын қаржылық басқару.....	42
ТАҚЫРЫП 5. Корпоративтік капиталды басқаруды зейнетақы қорларындағы әдістері.....	63
ТАҚЫРЫП 6. Зейнетақы кәсіпкерлігіндегі тәуекелдерді басқару.....	80
ТАҚЫРЫП 7. Зейнетақы қорларының инвестициялық саясаты.....	91
ТАҚЫРЫП 8. Зейнетақы нарығының дамытуындағы зейнетақы қорының қаржы менеджментін әбден жетілдіру жолдары.....	105
ГЛОССАРИЙ.....	115
ӘДЕБИЕТТЕР.....	119
МАЗМҰНЫ.....	123